



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың  
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Өндіріс басындағы  
өзекті әңгіме



2-бет

«Қара майордың»  
қаруласы



6-бет

Жас жігерді  
жаныған



рух  
8-бет

## Жұмысшы мамандықтарының жаңа дәуірі

Мамандық таңдау өмірінді өзіне ұнайтындай ету болар. Қысқасы, мамандық – тұрмыс таңдау сынды сындарлы да тағдыршеңгі дүние. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жарияланды. Осы тұрғыда ә деген беттен-ақ «Жұмысшы мамандықтар санатына кімдер кіреді?» деген өңді заңды сауал қылаңытатыны рас.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Сауалына – жауабы

Қазақстанда жұмысшы санатына әртүрлі мамандықтар кіреді. Осы қатардың сап басына автокөліктер мен машиналарды жөндейтін механик маман, электрик, дәнекерлеуші-слесарь, ағаштан түйін түйер шебер, кондитер, медбике, тігіншілер, т.б. жатады. Атаулы мамандықтар өндіріс, құрылыс, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы сияқты түрлі салаларда өте маңызды рөл атқарады.

«Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді Президент. Яғни, қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс.

Уақыт ұяста тұрмайды. Сондықтан, әрнеге мезгіл-мезгіл көзқарас жаңартып, сауат арттырмаса, сана сәулесі көмескілене



беретіні тағы бар. «Мемлекет басшысы жұмысшы мамандықтарына неге ерекше мән берді екен?» деген кезекті сұраққа айтарымыз, кісі еңбегінің лайықты бағалануы – кез келген елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына әсер ететін маңызды аспект.

### Басты басымдық

Сөз реті келгенде айтарымыз, осы жолда алдымен жоғары еңбекақы мен түрлі бонустар қарапайым

мамандықтардың тартымдылығын арттырады. Мәселен, Швеция мен Германияда инженерлер мен техникалық мамандардың еңбегі жоғары жалақымен өлшенеді. Содан соң, жұмысшылардың құқықтарын қорғау – маңызды фактор. Мысалы, Канада мен Норвегияда, қызметкер-



### ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

лерге әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған. Оның ішінде, ақылы демалыс, медициналық қызметтерге қолжетімділік және зейнетақы жүйесі ерекше орында. Яғни, еңбек жағдайлары заңнамалық деңгейде реттеледі. Экономикалық тұрақтылық жұмыс орындарының сақталуына және жұмысшылардың өмір сүру деңгейінің жақсаруына тікелей әсер етеді. Мысалы, Жаңа Зеландияда экономиканың тұрақты дамуы мен төмен жұмыссыздық деңгейі жұмысшы мамандықтарының тартымдылығын және беделін едәуір жоғарылатады.

Дүниежүзілік экономикалық форум, ЮНЕСКО сынды халықаралық ұйымдардың зерттеулері мен рейтингтері елдердегі жұмысшы мамандықтарының бағалану деңгейін объективті түрде айқындайды. 2023 жылғы зерттеулер нәтижесінде Скандинавия елдері (Швеция, Дания, Норвегия) жұмысшы мамандықтарына ерекше мән беретін мемлекеттер қатарынан табылды.

Ал, атамекеніміз Қазақстан да қарекетсіз емес. Жұмысшы құқығын қорғауға арналған негізгі құжат – Еңбек кодексі. Кодекс жұмыс уақыты, демалыс, еңбек шарттары және еңбек қауіпсіздігі секілді маңызды аспектілерді реттейді. Жұмысшылар үшін әлеуметтік қорғау жүйесі Қазақстанда бірнеше маңызды бағытты қамтиды. Олар зейнетақы қорларына міндетті түрде жарна аударды. Бұл жарналар болашақта зейнет-

ке шыққанда тұрақты қаржылық қолдау алуға мүмкіндік береді. Жүйе әр адамның еңбек өтілі мен жинақтаған жарналарына байланысты зейнетақымен қамтамасыз етеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС) жүйесі арқылы жұмысшылар сапалы медициналық қызметтерге қол жеткізеді.

### Қоғамдық жауапкершілік

Бұл жүйе емханаға қаралу, ауруханалардағы ем алу, диагностикалық зерттеулер мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қамтиды, осылайша жұмысшылардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда жұмыссыз қалған азаматтарға жәрдемақы төлеу жүйесі жұмыс істейді. Елдегі кәсіподақтар жұмысшылардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарып, еңбек жағдайларын жақсарту, жалақыны арттыру және жұмысшылардың мүддесін қорғау бағытында белсенді қызмет атқарады. Еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен стандарттар енгізілген, олардың басты мақсаты – өндірістегі жарақаттануды және зиянды әсерлерді азайту.

Елімізде кәсіби білім беру жүйесі жұмысшы мамандықтарын дамытуға бағытталған.

► 3-бет

• РЕСМИ

## Өңір футболы өркендейді

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыстық футбол қауымдастығының президенті болып сайланды. Өңір басшысы өз сөзінде облыстағы футбол қозғалысын жандандырып, «Шахтер» футбол клубын Премьер-Лигаға қайта көтеру қажеттігін баса айтты. Әрі тиісті мамандарға бірқатар тапсырма берді.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әуелі балалар мен жасөспірімдер футболын дамытуға күш салу қажеттігін тапсырды. Ол үшін Теміртау, Балқаш және Сарандағы стадион базасына «Шахтердің» филиалын ашу керектігін жеткізді. Ал, мұндай бастама футбол клубтарына білікті спортшы шығаруға және әлеуеті жоғары ойыншыларды клуб академиясына іріктеуге зор мүмкіндік екендігін жеткізді.

Бұдан былай балалар мен жасөспірімдер арасында командалық турнирлер өткізіледі. Сонымен қатар, шахтерлер, металлургия және өңір үшін маңызды мереке қарсаңында түрлі турнир ұйымдастырылады.

Қазіргі таңда Қарағандыда УЕФА стандарттарына сәйкес заманауи стадион, жыл бойы жаттығуға арналған футбол манежін салу жоспарлануда. Сонымен қатар, биыл облыс орталығындағы бас стадион мен өңірдегі бірқатар стадион жаңартылады деп күтілуде.

## Жаңа орталық жастар үшін

Балқаш қаласында «JasSpace» жастар зияткерлік-спорттық орталығы ашылды. Жобаның құрылысына 216 миллион теңге қаржы бөлінген. Жаңадан ашылған ғимаратқа «Коурад» Қоры құрылтайшылары («Сары Қазына») ЖШС және «Медная компания Коурад» ЖШС демеушілік жасаған. Орталықтың ашылу салтанатына арнайы қатысқан Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев енді бұл ғимаратта балқаштық жастар елімізде жүзеге асып жатқан мемлекеттік бағдарламалар жайлы мағлұмат алып, түрлі кеңес өткізетіндігін және спортпен шұғылдана алатындығын жеткізді.



Нүрдос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өздеріңіз көріп тұрғандай, «Коурад» Қоры 14 пен 35 жас аралығындағы қала тұрғындарын қызықтыратын

«JasSpace» жастар зияткерлік-спорттық орталығын құру бойынша ауқымды жобаны аяқтап отыр. Жоба аясында үй-жайларды толық қайта құру, оның ішінде күрделі жөндеу және тамаша әрлеу, сонымен қатар қасбетті жаңарту жұмыстары жүргізілді. Орталықты толық жабықтау үшін барлық қажетті құрылыс материалдары, заманауи жиһаздар, құрал-жабдықтар мен спорттық жабдықтар сатып алынды. Бұл орталық Президент тапсырмасына сәйкес,

жұмыстары жүргізілді. Орталықты толық жабықтау үшін барлық қажетті құрылыс материалдары, заманауи жиһаздар, құрал-жабдықтар мен спорттық жабдықтар сатып алынды. Бұл орталық Президент тапсырмасына сәйкес,



Президент тапсырмасын  
орындай отырып...

өңірімізде жастар саясаты туралы заңды іске асыру, жастардың рухани-мәдени әлеуетін көтеру және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ашылып отыр, – деді Сапар Сатаев.

Сонымен қатар, Central Asia Metals бас атқарушы директоры Гэвин Феррар, «Коурад» Қоры президенті Ник Ширли, «Сары Қазына» ЖШС Бас директоры Раулан Қозғамбаев құттықтау сөзін жеткізді. Сондай-ақ, нысанның құрылысын жүргізген бас мердігер «Коурад» Қоры президенті Ник Ширли «JasSpace» жастар зияткерлік-спорттық орталығының директоры Мағди Дүйсетайға ғимараттың символикалық кілтін тапсырды.

Бұдан кейін, орталық жұмысымен танысқан қала әкімі киім ауыстыратын бөлмелерді, душ кабинкаларын, спорт зал, компьютерлік сынып, STEAM білім беру алаңы талапқа сай орналастырылғандығын атап өтті. Сонымен қоса, шахмат, ұлттық зияткерлік ойындар алаңын, көрмелер алаңын, бейне және дыбыс жазу студиясын, баспасөз орталығын, OpenSpace жұмыс және байланыс аймағын аралап көріп, жастардың біліктілігін шыңдауға мықты маманарды ұйымдастыру керектігін тапсырды.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

ӨЗЕКТИ

# Картоп бағасы бақылауда

Кеншілер өлкесінде картоп бағасын тұрақтандыру және әлеуметтік маңызы бар өнімдер бағасының өсуіне жол бермеу бағытында тиісті жұмыстар атқарылуда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ауыл шаруашылығы құрылымдарына сауда орындарына белгіленген бағамен картоп жеткізуге кепілдік беретін меморандумдар жасасуды тапсырды.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, картопка және ауыл шаруашылығы өнімдерінің құнына үстеме бағаны шектен тыс көтеріп қоюдың жолын кесу мақсатында әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасына мониторинг жүргізуді жалғастыру керектігін де айрықша атап айтты.

Қазіргі уақытта облыстың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қоймаларында 53 мың тонна картоп қоры бар. Ал, баға-

Облыстың сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мен облыс әкімдігі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына, соның ішінде, картопқа сауда үстемесінің 15%-дан асуына жол бермеу үшін сауда желілерінің өкілдерімен кездесу өткізді.

Бүгінгі таңда екі кәсіпкер картоптың сауда үстемесін асыра пайдаланғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Тағы бір сауда нүктесіне қатысты тексеру белгіленген.

Сонымен қатар, экономии-



ны тұрақтандыру қоры мен сауда желілерін қоса алғанда, жалпы қор 61,6 мың тонна өнімді құрайды. Бұл – жұртшылықтың маусымаралық қажеттілігін жабу үшін жеткілікті.

Бүгінгі таңда аймаққа форвардтық келісімшарттар бойынша 3,2 мың тонна картоп және басқа да көкөністердің қажетті мөлшері жеткізілген. Бұл – өңірдің маусымаралық қажеттілігін толығымен жабады. Бұдан бөлек, айналым жүйесі бойынша да жеткізу жұмысы жалғасуда.

калық тергеу департаментіне сауда үстеме бағасын сақтамау фактілерін зерттеу мұқият тапсырылды. Барлық құқық бұзушылықтар бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Аймақта тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте қажетті тауарлар қоры жеткілікті екенін атап өткен жөн. Ал, бағаларды тұрақтандыру жөніндегі жұмыс жалғасуда және үнемі облыс әкімдігінің бақылауында болмақ.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

# Өндіріс басындағы өзекті әңгіме

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев әр саладағы еңбек ұжымдарымен түрлі кездесу өткізуде. Басқосулар зауыт және кәсіпорындардың қызметкерлерінің жұмысына келергі келтірмеу мақсатында жұмыс орындарында ұйымдастырылады. Осындай ерекше кездесу Maker компаниясының машина жасау зауытында өтті. Кездесуге негізгі басқармалар мен ведомство басшылары да қатысты.



**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Сіздермен кез келген тақырыптағы мәселені талқылауға дайынбыз. Кәсіпорын қызметкерлері, әдетте, менің тұрақты кездесулеріме келе алмайды. Сондықтан, әріптестеріммен бірге осылай кездесу өткізу туралы шешім қабылдадым. Президентіміз биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл қарапайым жұмыскерлердің, мамандардың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Осыз мықты өнеркәсіп пен тұрақты экономиканы елестету қиын. Біздің міндетіміз – лайықты еңбек жағдайы, әлеуметтік қорғау және әр кәсіпкердің кәсібі осу үшін мүмкіндіктермен қамтамасыз ету, – деді Ермағанбет Бөлекпаев еңбек ұжымына.

Облыс әкімі жиында облыстағы еңбекке қабілетті халықтың жартысына жуығы жұмысшы ма-



мандықтарымен айналысатынын да атап өтті.

Сонымен қатар, аймақ басшысы колледждерді кластерлеу және оның жұмысшы кадрларды даярлауға қалай әсер ететіні туралы

да айтып берді. Әр салада тірек колледждері бар. Аймағмызда осындай 8 колледж жұмыс істейді. Алдағы уақытта олардың материалдық-техникалық базасын жақсартып, шеберханалар мен

зертханалар үшін заманауи жабдықтар сатып алынбақ.

Басқарма, департамент басшылары өз бағыты бойынша кәсіптік және техникалық білім беруді трансформациялауға, жұмысшы кәсіптерін қолдау мен дамытуға, еңбек қауіпсіздігін жақсартуға және басқа да мәселеге бағытталған шаралар туралы баяндады.

Сондай-ақ, зауыт жұмысшыларына «Отбасы банкі» мен облыс әкімдігінің бірлескен жеңілдікті ипотекалық бағдарламасы таныстырылды. Қазір бұл бағдарлама шахтерлер мен металлургия үшін қолжетімді. Оған машина жасаушы мамандарды да қосылуды шақырды. «Отбасы банкі» мен әкімдік кез келген ірі компаниялардың ұсынысын қарауға дайын.

Жұмысшылар Үлкен Михайловка аумағын дамыту мәселесіне қызығушылық танытып отыр. Сондай-ақ, қаладағы кәріздің жағдайына да алаңдаушылық білдірді.

Облыс әкімі қазіргі міндет қаланы орталықтандырылған сумен 100% қамтамасыз ету, содан кейін коллекторларды жөндеуді қолға алу маңызды екенін атап өтті. Бұл жұмыстарды бастау биылғы жыл енісінде.

Бұдан бөлек, кездесуде апатты деп танылғаннан кейін бұзылған №44 мектеп туралы сұрақ қойылды. Олардың орнына жаңасы салынатынын атап өткен жөн. Қазір жобалық-сметалық құжатты жасалуда.

Ал, зауыт қызметкерлері осындай ерекше кездесу үшін алғыс айтып, өз жетістіктерімен бөлісуді де естен шығармады.

«Maker» ЖШС директоры Жәнібек Байғабеловтің айтуынша, кәсіпорын өндіріс көлемін арттырған. Зауытта 822 адам еңбек етеді, жағдайлары – жақсы. Қызметкерлер өз жұмысына сапалы атқарып жүр, кадрлар ағымы аз.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Тентек бала қайдан шығады?

Қоғамда өскелең ұрпақты психологиялық-педагогикалық сүйемелеуде ерекше көңіл бөлінеді. Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аймақтардағы білім басқармалары жанынан «Психологиялық қолдау орталықтары» ашылды. Бұл балалардың психологиялық әл-ауқатын нығайтып, ата-аналарға кеңес беруге, педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденейдің қатысуымен өткен жиында балалардың құқықтарын қорғау жөнінде сөз болды.



**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы полиция департаментінің ювеналды полиция бастығы Әсел Омарова бала құқықтарын қорғау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі екенін атады.

– Облыс бойынша көмелет жасына толмағандар арасындағы қылмыс 12 пайызды құрап отыр. Көп жағдайда толық емес отбасынан шыққан балалар қылмысқа барады. Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың өсуіне ата-аналардың баланы қараусыз қалдыруы, құқықтық сауаттың төмендігі және жасөспірімдер үшін бос уақытты ұйымдастырудың болмауы себеп. Көмелетке толмағандарға алкогольді ішімдіктерді, темекі өнімдерін өткізу, заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз

түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде және тұрғын үй-жайлардан тыс жерде болу фактілері анықталды. Олқылықтарды жою мақсатында жыл бойы 2000-нан астам лекция өткізіліп, 400 рейд жүргізілді. Жасөспірімдердің ата-аналарымен тиісті жұмыстар қолға алынып, заңға сәйкес тұрмысы нашар отбасы балалары есепке алынады, – деді Әсел Омарова.

Департамент өкілдерінің айтуынша, соңғы жылдары еліміздегі балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған заңнамалық актілерге бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» Заң – балаларды қорғаудағы маңызды қадам. Заңда балалардың құқықтарының бұзылуын анықтау, жедел ден қою, жазалау

және көмек көрсету көзделген. – Жоспарлы кешенді жұмыстар, іс-шаралар, көмелетке толмағандармен профилактикалық жұмыстар жалғасуда. Әкімшілік жауапкершілікпен қатар, ата-ана да жауапкершілігіне алуы тиіс. Балаларды, оның ішінде, заңсыз әрекеттер жасағандарды бос уақытта спорттың әр түріне тартуды жалғастыру керек. Осы орайда басқарма басшылары жасөспірімдерге қатысты барлық жағдайды бақылауда ұстауы тиіс, – деді Әлібек Әлденей.

Жиында бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Ирина Киселева балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз етудегі мәселелерге тоқталды.

– Балалар құқықтарына қатысты әрбір жағдайды жеке бақылауымыз ұстаймын. Мемлекеттік ор-

гандармен байланысымыз үйлесімді. Бүгінде жасөспірімдер мәселесінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына (асырап алу, қорғаншылық, қамқоршылық, патронат, баланы қабылдайтын отбасы) орналастырудың баламалы нұсқалары дамуда. Заңда жетім балалардың отбасылық құрылымының жаңа нысаны-интернаттық мекемелерге балама болып табылатын баланы қабылдайтын кәсіби отбасы енгізілді. Бұл отбасыларға интернат мекемесін айналып өтіп, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар жіберіледі. Бұл отбасылардың негізгі міндеті – қорғаншылық және қамқоршылық органдарына балаларды туған отбасыларына қайтаруға, ал, мүндай мүмкіндік болмаған жағдайда қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастыруға ықпал ету, – деп атап өтті Ирина Киселева.

Сондай-ақ, жиында облыстық білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова көмелетке толмағандарды қудалау (буллинг, кибербуллинг) үшін жауапкершілік белгіленгенін, бұл ескертуге немесе 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатынын атады.

– Қазіргі таңда қоғамдық көліктен балаларды мәжбүрлеп түсіруге тыйым салу – маңызды түзету. Бұл әрекет үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Балалардың құқықтарын қорғау қызметіне қорғаншылық және қамқоршылық органдарының 41 маманы жүзеге асырады, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

Жиында Теміртау, Саран қаласының өкілдері көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау барысында жүргізілген жұмыстары жөнінде есеп берді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ӨНДІРІС – Өңір өзегі

# Екі кәсіпорын – финалда

Қазақстанда өнім сапасы мен қызмет көрсету саласындағы жетістіктері үшін ТМД сыйлығын алуға арналған мерейтойлық, оның ішінде байқаудың бірінші кезеңінің финалистері анықталды. Олардың қатарында «Бөмер Арматура» және «Дефектоскопия ГТБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері бар.



**Салтанат ІЛШИШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы хабарлағандай, байқаудың бірінші кезеңі сәтті өтті. Шарлы қрандар шығаратын «Бөмер Арматура» ЖШС мен өнеркәсіптің мұнай-газ, тау-кен өндіру, металлургия және энергетика секторларында диагностикалаумен айналысатын «Дефектоскопия ГТБ» ЖШС өздерін лайықты көрсетті.

ТМД сыйлығы – сапа саласындағы беделді наградалардың бірі. Конкурс екі жылда бір рет өткізіледі. Оның мақсаты – жоғары сапалы өнімдер мен қызметтердің экспортын ынталандыру, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұйымдарында инновациялық технологиялар мен тиімді менеджмент әдістерін енгізу.

2025 жылы байқау ТМД Экономикалық кеңесінің қамқор-

лығымен өтеді. Қазылар алқасы мемлекетаралық құрылымдардың, ұлттық тұтынушылар қоғамдарының, сауда-өнеркәсіп палаталарының және басқа да кәсіби қауымдастықтардың өкілдерінен тұрады.

– «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы байқау хатшылығы қызметін атқара отырып, қазақстандық кәсіпорындарға ТМД деңгейінде өздерін танытуға көмектесіп, жан-жақты қолдау көрсетеді. Қарағанды облысы компанияларының ТМД сыйлығына қатысуы жергілікті бизнестің жоғары бәсекеге қабілеттілігін және оның жаңа көкжиекті бағындыруға дайын екенін көрсетеді, – деді облыстың кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

# Жұмысшы мамандықтарының жаңа дәуірі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәсіптік колледждер мен жоғары оқу орындары еңбек нарығының талаптарына сай мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді. Бұл жұмысшылардың біліктілігін арттыруға және олардың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарын қолдау мақсатында бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мысалы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы жұмыс орындарын ашуға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуді көздейді.

Жұмысшы мамандықтарын әлеуметтік қорғау жүйесі Қазақстанда біртіндеп дамып келеді. Дегенмен, жетілдіруді қажет ететін тұстар әлі де бар. Жұмысшылардың құқықтарын қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту және әлеуметтік қолдауды күшейту – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

## Респондент ләбізі

Дәнекерлеуші Ержан Қайратұлының айтар сөз, ағытар сыры бар. Мамандық несі үнемі қаймана халықпен етене жүретіндігін айтады.

– Менің мамандығым – дәнекерлеуші. Бұл кәсіпті таңдауымның себебі бар: бала күнінен металмен жұмыс істеуге қызығатынмын. Еңбек жолымды шағын шеберханадан бастап, бүгінде өндіріс ошағында жұмыс істеп келемін. Мемлекет басшысының

Жарлығын оқып, жұмысшы мамандықтарына ерекше көңіл бөлініп жатқанын білгенімде ерекше қуандым. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны бізге үлкен қолдау, – деді ол.

Ержан жұмысшы мамандықтарын дәріптеуде мемлекет тарапынан жасалып жатқан бағдарламаларды құптауының және білдірді. Өз мамандығының екенін терең түсінеді ол. Үй салуда, зауыттағы құрылғыны жөндеуде немесе ауыл шаруашылығы техникасын қалпына келтіруде дәнекерлеушінің жұмысы аядай қажет. «Біз, жұмысшылар, күнделікті өмірді жеңілдету үшін еңбектенеміз. Сондықтан, еңбегіміздің лайықты бағалануы қуантады», – деп қосты.

– Шетел тәжірибесін де ақпарат бұлақтарынан шолып отырамыз ғой. Швеция мен Германия сияқты елдерде жұмысшы мамандықтары жоғары бағаланатынын аңғаратындаймыз. Елімізде де осындай жүйе қалыптасуы үстінде. Еңбек етемін деген жандар көбейіп келеді. Жоғары жалақы, әлеуметтік жеңілдік, еңбек жағдайының жақсаруы – әр жұмысшы үшін маңызды дер едім. Меніңше, тек материалдық жағдаймен шектелмей, қоғамда жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру да өзекті. Біз туралы жылы сөздер айтылып, еңбегіміз бағаланған сайын жастардың осы салаға деген қызығушылығы ар-



тады. Өрен-жаран мен жастарға айтарым, жұмысшы мамандығы әрқашан сұранысқа ие. Қолыңнан келсе, ешқашан жұмыстан қашпа. Еңбектің ешқайсысы арланатын дүние емес. Бастысы, жұдырықтай түйіліп, қаршығадай шүйіліп, тастүйін қалыпта қарекет ету. Шарболаттай шарпықан қызу тірліктің белортасында жүрген өзіме шалқар шабыт сыйлайды, – деді дәнекерлеуші.

Ержан Қайратұлы өзі секілді қарапайым жұмысшыларға арналған бағдарламалар көбірек болса, кәсіби біліктілігін барынша арттыруға мүмкіндік молайар еді деп ой тұжырды. Техникалық білімді тереңдететін курстар ұй-

ымдастырылса, заманауи құралдармен жұмыс істеуді меңгеру де жеңіл болар еді, шіркін! Өйткені, жұмысшы мамандықтары жылы – еліміздегі еңбек адамдарына деген құрметтің көрсеткіші. Бұл жыл жана мүмкіндіктер мен періліп, тастүйін қалыпта қарекет ету. Шарболаттай шарпықан қызу тірліктің белортасында жүрген өзіме шалқар шабыт сыйлайды, – деді дәнекерлеуші.

## Қоржынқағар

Еңбек адамының мемлекеттен өзге меншігі жоқ. Еңбеккер дегенде өліп кетсе де өтірік айтпайтын, күн батысқа талмаурағанша

қарекетінің қазығын мығымдап жүретін ақжүрек те риясыз жандар елестейді көз қарашығына. Арманында шек болмайтын жасампаз адамдар – олар! Олар тірнекті тіршіліктің боранында да, тоғыз жолдың торабында да халық игілігін еселеу үшін жүреді. Бейне бір ақырғы мақсаты осы сынды. Қайратымен жаһанды жалт қаратып, қайманың қамына қамшы басады. Қаздайын органына қанағат етіп, қалғанына ат үстінен асқақ қарайды. Ендеше жұлдызды шоғырына ат байлаған еңбек адамының даңқы жасасын!

Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

## • ТУРИЗМ

# Балқаш әуежайы қайта жаңарады

Балқашта әуежайды қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Инфрақұрылымын жаңғырту қала мен туризмді дамытуға жана мүмкіндіктер береді деп күтілуде. Сондай-ақ, әуежайды қайта құру ұшулардың санын арттырады. Жоспар бойынша жолаушылар ағыны жылына үш есеге, 13 мыңнан 40 мыңға дейін артуы тиіс.

Аялым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба рульдік жолдар мен перронды реконструкциялау, сондай-ақ, аэровокзал ғимаратын күрделі жөндеу және арнайы автокөлік қызметі үшін нысан салу кезеңдерінен тұрады.

Бірінші кезең бойынша жұмыстар өткен жылдың желтоқсан айының соңында аяқталды. Құрылысшылар бетон жабынның екі қабатын шамамен 114 мың шаршы шақырымға төседі. Бүгінде заманауи жарық-сигналдық



жабдықтар, қауіпсіздік жолақтары, дренаж жүйелері мен тазарту құрылыстары орнатылды. Қыркүйектен бастап, аэровокзалды қайта жөндеу және арнайы көлік қызметі ғимаратының құрылыс жұмыстары жалғасуда. Барлық жөндеу жұмыстары биыл аяқталады.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мамандары атап өткендей, жобаны іске асыру әуежайдың өткізу қабілетін сағатына 60-тан 80 жолаушыға дейін арттыруға, оларға қолайлы жағдай жасауға және мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы орайда әуежай құрылыстарының сипаттамалары мен өлшемдерін халықаралық азаматтық авиация ұйымы ұсынатын тәжірибеге сәйкес келтіруге мүмкіндік бар.

Қазіргі таңда жер бетінде қызмет көрсетудің толық спектрін көрсету үшін бюджет қаражаты есебінен мамандандырылған әуеайлақ техникасын кезең-кезеңімен сатып алу мәселесі пысықталуда. Бірінші кезекте қажетті арнайы техника әуеайлақтық өрт сөндіру автомобилі, жүк тартқыш, отын құюшы және өздігінен жүретін трапты сатып алу жоспарланған.

– Бұрын Балқашта әуежай болған. Алдағы уақытта қаламыздағы әуежай жұмыстарының қайта жаңғыратыны, елімізге берілетіні көңіл қуантады. Қазақстанның басқа қалаларына әуе жолы арқылы қатынауға кең мүмкіндік жасалғаны қала инфрақұрылымын дамытуға сеп, – дейді Балқаш қаласының тұрғыны Мөлдір Серікқызы.

Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Балқаштан Шымкентке, Жезқазған және Түркістан қалаларына ұшу аумағын кеңейту жоспарланған.

Айта кеткен жөн, Балқашта алғаш әуежай 1967 жылы салынған. Соңғы рет әуе айлағы 2007 жылы жөнделген.

Сурет ашық дереккөзден

## • КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

# Қаршадай қыздың қайсар қадамы

Елімізде тері илеп, жүн түтетін цех азайғалы қашан. Соның салдарынан мал терісі тиын-тебеге де саудаланбай қалды. Тері өндірісінен, тіпті, теріс айналдық. Қарағандылық Гүлпахат Құттыбасева есімді қаршадай қыз осы олқылықтың орнын титтей де болсын толтырып, тері-жүн өңдеу цехын ашты.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Батыл қадамға барған Гүлпахаттың жүннен түрлі картина жасау – бала кезден бергі сүйікті ісі. Содан да болар, ол кәсібін шарда тәуекелге бел буады. Оның жүннен тоқылған картиналары тіпті шетел нарығына шығып кетті. Өсіресе, көдесый ретінде өтімді.

Осыдан алты жыл бұрын ол «Достық» үйінде өткен шеберлік сағатынан алғаш рет киіз басып көреді де, жанына жақын екендігін ұғынады. Жүн түтіп, түрлі колөнер бұйымдарын әзірлеуге болатынын білген ол оған ден қоя түседі. Анасы да – алтын инелі шебер. Бүгінде Қарағанды облысы «Jadiger» колөнершілер қауымдастығының төрағасы. Қарағандыда қыз жасауын тігетін ең үздік шеберлердің бірі. Үйіндегі анасына қолғабыс жасап, іс тігіп, өбден қолын жаттықтырып алады. «Достық» үйіндегі колөнер үйірмесіне де үзбей барып жүреді. Мектеп қабырғасында-ақ алғашқы табысын табады.

Жүннен жасалған оның өнімдерін алғаш болып Атымтай-Жомарт Ерлан Әшім сатып алыпты. Меценат қазақы нақыштағы картиналарды өзінің «Туған Ел» ұлттық мейрамханасының қабырғасына іліп қойыпты. Одан бөлек мәртебелі меймандарына көдесый ретінде ұсынып жүр екен. Содан жас шеберге тапсырыс төпелеп түседі. Өйтпесе Гүлпахат Мұхамедқызы өз өнімдерін саудалап, жарнама жасаған емес. Әжептеуір ел танып қалған жас талант. Өзі ойламаған жерден туындылары трендке айналып шыға келген. Қазір де жарнаманы



қажет етпейді. «Цехты ашамын» деп, құжатымен жүгіргелі бері тапсырыстары таудай боп үйіліп қалыпты.

Осы жолға жанын берген ол – Қарағанды технология және

сервис колледжінің 3-курс студенті. Дизайнер-тігінші мамандығы бойынша білімін жетілдіріп жатыр. Колледж басшылығы да алғыр студенттерін барынша қолдап, басқаларға үлгі етеді.

Жас кәсіпкер колөнер шеберлерінің республикалық, халықаралық көрмелерінен қалмайды.

– 2023 жылы Астана қаласында өткен Саммитке қатысқан едім. Сол кезде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эммануэль Макрон келіп, колөнерімді тамашалады. Кейін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына да өз туындыларымды апарған едім. Сол кезде шетелден келген туристер жүннен тоқылған картинамы, қолсөмкелерді сатып алып, ризашылығын білдірген болатын, – дейді өзі.

Осыдан шабыт алған жас шебердің арманы да асқақ. Киізден жасалған колөнер бұйымдарын әлемдік брендке айналдырсам дейді. Қаршадай қыз қалтасының қамы үшін емес, ұлттың мүддесін әуелгі кезекке қойып отыр.

Өңірімізде жүн өндіейтін кәсіпорын жоқ деуге де болады. Шаруалар шикізат өткізетін жер таппай отыр. Амаз жоқ қаншама тері-жүн далада шіріп жатыр. Гүлпахаттың жаңадан ашқан шағын цехы осы бір үлкен шаруаның бастауындай көрінеді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлерді қолдау палатасының «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қа-

Суреттер автордан

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

## Өңір экономикасында өсім бар

Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша экономиканың өсу қарқыны 13,7%-ды құрады. Өңір экономикасының негізгі драйвері – өңдеу өнеркәсібі десе, бұл сала 112%-ға дейін өскен.

Ең көп өсім фармацевтикада саласына тиесілі. Яғни, 45,3%-ға өскен. Одан кейінгі сатыда резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісі 37,9%-ға көтерілді. Машина жасау – 24,5%-ға қара металлургия – 14,9%-ға, түсті металлургия 6,4%-ға, құрылыс индустриясы 3,9%-ға және химия өнеркәсібі 1,6%-ға өсім тіркелген.

Тау-кен өндіру саласы да тұрақты өсім көрсетіп отыр. Темір кенін өндіру – 28,7%, темір кені концентраты – 11,6%, құрамында алтын бар концентраттар – 2,1 есе өскен. Мыс концентраты – 2,8%-ға, көмір концентраты – 14,4%-ға ұлғайды.

Шағын және орта бизнесте өңірде сенімді дамып келеді. Жұмыс істеп тұрған шағын орта кәсіп субъектілерінің саны 101 596 бірлікке артқан. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 406 бірлікке өскен. Бұл ішкі сауда көлемінің едәуір өсуіне ықпал етті. 2024 жылы көрсеткіш 19,1% -ға өсіп, 4 718,2 млрд теңгеге жетті. Ал, 2023 жылы 3 805,2 млрд теңге еді.

Ауыл шаруашылығы да серпінді өсім көрсетті. Жалпы өнім шығару 16%-ға ұлғайып, 491,8 млрд теңгені құрады. Өсімдік шаруашылығында 27,3%, мал шаруашылығында 1,7%-ға артқан.

Құрылыс саласында өсім 23,7%-ға жетті. Бір жылда 540 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың жоғары қарқынын көрсетеді.

Облыстың негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі рекордтық 1 трлн 432,4 млрд теңгені құрады. 2023 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,6 есе артқан. Өсімнің негізгі драйвері инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалар болды.

Көлік қызметтерінің көлемі де 11,1%-ға артты. Ал, бұл логистикалық саланың белсенді дамуын растайды. Жергілікті бюджетке кіріс жоспарланған көрсет-

кіштен 4,4% -ға артып, 379,7 млрд теңгені құрады.

Еңбек нарығында тұрақтылық сақталуда. Жұмыссыздық деңгейі 4,1% белгісінде қалды. Бұл – ел бойынша ең төменгі көрсеткіштің бірі.

2025 жылға қарай өңір экономика өсімін кемінде 6,5% деңгейінде жоспарлап отыр. Негізгі драйверлер өнеркәсіп – 6,9%-ға, ауыл шаруашылығы – 3,5%-ға, құрылыс – 6,5%-ға, көлік қызметтері – 3,1%-ға және сауда 7,2%-ға өседі деп болжануда.

Өңірде сомасы 194 млрд теңге болатын 17 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарда бар. Сәйкесінше, 2,7 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады. 2025 жылы облыс экономикасына инвестициялардың жалпы көлемі 1,5 трлн теңге деңгейінде болжануда.

2024 жылы Мемлекет басшысының «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерді іске асыру шеңберінде Қарағанды облысының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы әзірленіп, бекітілді. Құжат облыс әкімдігінің қаулысымен мақұлданды. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының міндеттерін орындауға бағытталған 2021-2025 жылдарға арналған облыстық даму жоспары түзетілді. Қазіргі уақытта Үкімет Қарағанды агломерациясын дамытудың 2025-2029 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасын қарастыруда. Бұл стратегиялық құжат өңірдің тұрақты және теңгерімді әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындайды.

Облыс саясатының негізгі ба-сымдықтары – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, технологиялық жаңғыртуды енгізу, кәсіпкерлікті



ынталандыру, адами капиталдың сапасын арттыру және мемлекеттік басқаруды жетілдіру.

Облыстың жалпы өңірлік өнімінің нақты көлем индексінің орташа жылдық өсу қарқыны 2025 жылы 3,7% деңгейінде болжануда.

Тұрғын үйді пайдалануға беру 457 мың шаршы метр (2024-540,3 мың шаршы метр). Қалаларда халықтың сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізуі 100%-ды құрайды.

Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының нормативтік жағдайға үлесі 94% -дан (2024 жыл) 95%-ға (2025 жыл) дейін өседі.

Моно және шағын қалаларды дамыту аясында 2024 жылы Қарағанды облысында 6,2 млрд теңгенің бес инфрақұрылымдық жобасы іске асырылды.

Балқашта екі шақырымнан астам жылжып жатқан жерлерін қайта жаңартудың бірінші кезеңі аяқталды. Қалалық жағажай аймағының жағалауын қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Бірінші кезек 2025 жылы, екінші кезек 2026 жылы аяқталады.

Қарқаралы қаласында Әубәкіров көшесіндегі жолдың бір шақырымы қайта жөнделді. Жобаны аяқтауға 403 млн теңге қарастырылған.

Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанның моноқалалары Саран қала-

сының экономикасын әртарапандырудың табысты тәжірибесін белсенді енгізуде. Мәселен, Теміртауда полимер бекітпелерінің ампулаларын («ОКС Қазақстан» ЖШС) және коксты («Казметкокс» ЖШС) өндіру бойынша жобалар іске қосылды. Шахтинскте ПВХ пленка өндірісі басталды. Ал, Абайда Абай тігін фабрикасының өнеркәсіптік кешені қалпына келтірілуде. Мұнда сондай-ақ тау-кен-шахта жабдықтарын жөндеуге мамандандырылған «Деметра 2005» ЖШС өндірісі кеңейтілуде.

Балқашта туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында жағалау жаңғыртылады, жаңа туристік нысандар құрылады. Сонымен қатар, көлік логистикасы жақсартады.

Ауылдық жерлерде өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған «Ауыл – ел бесігі» ауқымды жобасын іске асыру жалғасуда. Өткен жылы 54 мыңға жуық адам тұратын 39 елді мекенде жалпы құны 45 млрд теңге болатын 10,3 жоба сәтті іске асырылды. 28 ауылда 93 шақырымнан астам кентшілік жол жөнделді. Бұл әлеуметтік нысандарға ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етті.

Негізгі жетістіктердің бірі 68 шақырымнан астам су құбыры желісін салу және қайта жаңарту болды. Бұл 5 мыңға жуық адамды таза ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданының екі ауылында 200 орындық клуб, Бұқар жырау ауданының Ғ.Мұстафин кентінде, Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінде және Абай ауданының Топар кентінде 320, 150 және 100 орындық заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынды. Бұл спортпен айналысуға жаңа мүмкіндіктер ашты. Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентіндегі мәдениет үйін күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Осы іс-шаралардың барлығы 139 жұмыс орнын құрып, жұмысқа орналау үшін қосымша мүмкіндіктерді

қамтамасыз етті.

2025 жылы жоба іске асырыла береді. Тағы 32 ауылдық елді мекенді қамту жоспарланған, онда 7,4 миллиард теңгенің 33 жаңа жобасы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Бұқар жырау ауданының Көкпекті ауылында 107 шақырымнан астам жолды күрделі жөндеу, 200 орындық клуб, Нұра ауылындағы өнер үйі және Нұра ауданының Шұбаркөл ауылындағы мектепке спорт залы, Қарқаралы ауданының Қарағайлы ауылындағы ДСК құрылысы аяқталады.

Бұқар жырау ауданының Трудовое ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңарту және Ақтоғай ауданының Сарышаған кентіндегі су құбыры сорғы станцияларын кеңейту жобалары ағымдағы жылы аяқталады. Ауылда спортты дамыту үшін екі дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және бассейнінің құрылысы басталады.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйін жақсарту мақсатында Ақтоғай ауданының Шашубай кентінде қазандық салу және Шет ауданының Красная поляна ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңарту жоспарлануда. Сондай-ақ, дипломмен ауылдағы кадрлық әлеуетті арттыру үшін 2024 жылы әлеуметтік саланың 172 маманына тұрғын үй сатып алу үшін 1 296,2 млн теңгеге бюджеттік несие берілді. 360 маманға 132,9 млн теңгеге көтерме жәрдемақы берілді.

Жастар мамандардың жалпы санының 88,5%-ын құрайды. Бұл жастардың ауылда аудандарда жұмыс істеуге жоғары қызығушылығын көрсетеді. 2025 жылға 116 маманға тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие, 310 маманға көтерме жәрдемақы қарастырылған.

Қойылған міндеттерді орындау бойынша жұмыс жалғасатын болады.

**Татьяна АБЛАЕВА,**  
Қарағанды облыстық экономика басқармасының басшысы

## Бюджет тиімді басқарылады

Бюджеттік жүйе және бюджет саясаты қоғамдық қаржы ағындарын және мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалануды басқаруға бағытталған мемлекеттік қаржылық құрылымының ажырамас элементі. Ал, бюджет – мемлекеттің қаржы стратегиясы шеңберінде айқындалған мақсаттар мен басымдықтарды қамтитындықтан, бюджет саясатының негізгі құралы. 2024 жылы да бюджет саясатының негізгі басымдықтары – макроэкономикалық тұрақтылықты қолдауға, экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге және әлеуметтік саланы нығайтуға бағытталды.

Мәселен, 2024 жылы Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимыл жоспарын іске асыру шеңберінде шағын және орта бизнесте берілетін несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға қосымша қаражат бөлінді. Сондай-ақ, мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару есебінен халықтың әлеуметтік осал топтары үшін бастапқы нарықта тұрғын үй салуға және сатып алуға қаражат бөлінді.

Өткен жылы Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру аяқталды және 2025-2027 жылдарға арналған жаңа жоспар әзірленді. Ол қоршаған ортаның сапалық сипаттамаларын арттыруға, экологиялық жүйелердің жай-күйін жақсартуға, биологиялық әртүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және мольктыруға, сондай-ақ, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтіретін залалдың алдын алуға бағытталған.

Есептік кезеңде бюджеттік инвестициялар үшін экономика, көлік және әуе инфрақұрылымы салаларын және әлеуметтік саланы дамыту басым бағыттарға ие болды. Коммуналдық шаруашылықты дамыту шеңберінде жергілікті жылу және сумен жабдықтау желілерін және газ тарту желілерін жаңғырту жұмыстары жалғастырылды.

2024 жылы облыстық бюджеттің жалпы көлемінің 39%-ы экономика салаларын дамытуға бағытталды.

Облыстық бюджеттің шамамен 50%-ы әлеуметтік саланы дамытуға бағытталды. Бұл – әлеуметтік сала мекемелерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге және оларға жүктелген функцияларды іске асыруға, материалдық-техникалық жақсартуға және жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті тұрақты шығыстар.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыстық бюджет 630 млрд теңге көлемінде қалыптасты.

Облыстық бюджеттің өз кірістері 170,8 млрд теңге сомасында немесе 144%-ға, яғни, 52 млрд теңгеге асыра атқарылды. Негізінен, 2024 жылдың қорытындысы

бойынша экономиканың өсу қарқыны – 13,7%. Сәйкесінше кәсіпорындардағы табыстың өсуі мен жүзеге асыру жоспарларының ұлғаюы есебінен шағын және орта бизнес субъектілерінен алынатын корпоративтік табыс салығы сияқты салықтық түсімдер артты.

Облыстың шаруашылық жүргізуші субъектілері бойынша жалақы қорының өсуі, қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлеме, сондай-ақ, түсімдердің басқа түрлері есебінен жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша түсімдер өсті.

2024 жылғы нәтижелер 2025 жылы ұзақ мерзімді жоспарларды іске асыруға негіз болды.

Мәселен, 2025 жылға арналған облыстық бюджет республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттерді ескере отырып, 619 млрд теңге көлемінде бекітілді. Оның ішінде, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер – 74,8 млрд теңге және бюджеттік кредиттер – 14 млрд теңге.

Инвестициялық саясатты іске асыру – экономикалық өсудің жоғары қарқынын қамтамасыз етуге және облыс экономикасының тиімділігін арттыруға бағытталған экономикалық реформалардың басты бағыттарының бірі.

Биыл тұрғындардың сапалы және жайлы өмірін қамтамасыз ету үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуіне бағытталған жұмыстар жалғасуда. Қалалар мен елді мекендердің тұрғындарын сумен жабдықтау және су бұру қызметтерімен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға ерекше назар аударылады.

Әлеуметтік инфрақұрылым саласында 2025 жылы «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы аясында Қарағанды қаласында (Майқұдық) Шығармашылық сарайын, медициналық мекемелер, облыс халқы үшін әлеуметтік-мәдени және спорттық объектілер салу жоспарланып отыр.

Облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту белсенді ынталандырылуды



да. 2025 жылы бірінші кезекте пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне ішінара кепілдік беруге, сондай-ақ, облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін субсидиялармен қолдауға қаражат көзделген. Сондай-ақ, кәсіпкерлерге гранттар, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы арқылы несие беруге қаражат көзделген.

Биыл ауылдық елді мекендер мен шағын қалалар тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі жоба жалғасуда. Олардың жаңа бизнес ашуға және жұмыс істеп тұрған бизнесін кеңейту үшін тиімді шарттармен шағын қарыз алуына мүмкіндік ұсынылады.

Бұдан басқа, республикалық бюджеттен берілетін кредиттер есебінен облыста агроөнеркәсіптік кешен саласындағы 14 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

Экономиканың нақты секторын сапалы және орнықты дамытуға қолдау мен қамтамасыз етуге, сондай-ақ, бюджеттік инвестициялық жобаларын іске асыруға арналған шығыстар 2025 жылғы облыстық бюджет шығыстарының жалпы көлемінің 29%-ын құрайды.

Сондай-ақ, облыс аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың туындауын болдырмау, сонымен бірге, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларға назар аударылады. Биыл күштік органдарды материалдық-техникалық жақсартандыру жалғасуда. Осы саладағы іс-шаралардың бірі – «Қауіпсіз қала» жобасы. Оның шеңберінде бейнебақылау

жүйелерін, сондай-ақ, елді мекендердің жолдарындағы жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды тіркеу жүйелерін пайдалану жүзеге асырылады.

Қоғамдық қауіпсіздікті және құқық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлардың туындауын болғызбауға, сондай-ақ, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға облыстық бюджет шығыстарының жалпы көлемінің 5%-ы бағытталды.

Биыл әлеуметтік саладағы іс-шараларды іске асыру және олардың сапасын жақсарту жұмыстары жалғасын табады. Білім беру мекемелерін дамыту және оқыту жағдайларын жақсарту, медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін медициналық инфрақұрылымды қолдау, әлеуметтік қорғау және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер, сондай-ақ, облыста мәдени өмірді, спортты дамытуға және ішкі саяси жағдайды нығайтуға бағытталған жобалар мен бағамалар алдыңғы кезектегі басымдықтар болып қала береді.

Бұл шаралар әлеуметтік саланы кешенді дамытуға және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Өткен жылдардағыдай, биыл да «Отбасы банк» акционерлік қоғамы арқылы жеңілдетілген тұрғын үй қарыздарын беру есебінен жас отбасылардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту жұмыстары жалғасуда.

Биыл облыстық бюджет шығыстарының ең көп үлесі әлеуметтік салаға тиесілі, бұл – бюджет шығыстарының жалпы көлемінің 58%-ы.

Облыстық бюджеттегі жалпы мемлекеттік шығыстар шығыстардың жалпы көлемінің 7%-ын құрайды. Жергілікті атқарушы органның резервінде облыс аумағында қолыс әлеуметтік-экономикалық ахуал туындаған жағдайда жедел ден қоюға қаражат жоспарланған.

Жалпы, 2025 жылға арналған облыстық бюджет экономиканың барлық салаларын қамтиды және экономикалық тиімді бағдарламаларға бағытталған.

2025 жылы бюджеттің пилоттық жобасы басталды. Қазақстан Республикасының Үкіметі пилоттық жоба шеңберінде бюджеттік бюджетті енгізудің, оның жұмысының қағидаларын және бюджеттік пайдаланатын мемлекеттік органдардың тізбесін бекітті.

Қарағанды облысы бюджеттік бюджет

бойынша пилоттық жобаға енді.

Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысымен бюджеттік пайдаланатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері анықталды. Олар – құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы және ауыл шаруашылығы басқармасы.

Бюджеттік бюджетті енгізу мемлекеттік қаражатты неғұрлым тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл салынған қаражаттың қайтарымдылығына қол жеткізуге ықпал етеді. Пилоттық жобаның нәтижесі бойынша оны масштабтау бойынша шешім қабылдау жоспарлануда.

Сондай-ақ, биыл 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемін қолданудың соңғы жылы. Жалпы алғанда, жыл сайынғы өзгеріссіз орта мерзімді кезеңге субвенциялар мен бюджеттік алуларды бекіту өзіндік тиімділігін көрсетті. Аудандар мен қалалардың бюджеттеріне түсетін қосымша кірістер алынбай, өңірлердің иелігінде қалды. Бұл аудандар мен қалаларды экономикалық даму мен салық базасын кеңейтуге ынталандыра түсті.

Биыл 2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер туралы заңның қолданылуының аяқталуына байланысты 2026-2028 жылдарға арналған заңның жаңа жобасы әзірленетін болады. Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейту және әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін теңестіру жөніндегі жаңа тәсілдерді ескере отырып есептелетін болады.

Жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі өңірлердің қаржылық дербестігін кеңейту және әлеуметтік игілік пен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті теңестіру бойынша жаңа тәсілдер ескеріліп есептелетін болады.

Қазақстан Республикасының жаңа Бюджеттік кодексі жасау бойынша жұмыстар аяқталуға жақын. Оның нормалары елімізді орнықты дамытуға жағдайластыруға, бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға және қаржылық үдерістердің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Аталған өзгерістер Қазақстанның мемлекеттік экономикалық саясатын іске асыруға оң әсер ететін болады.

**Людмила БАШАРИНА,**  
Қарағанды облыстық қаржы басқармасының басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

# Мақсат – жастар мүмкіндігіне жол ашу

Жастар саясаты саласындағы жұмыстың негізгі мақсаты облыс жастарын қолдау және дамыту, жастардың өзін-өзі тануы мен азаматтығын арттыруды көздейді. Сондай-ақ, олардың рухани, мәдени, білім беру, кәсіби қалыптасуы мен физикалық дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау да – күн тәртібінде. Олардың бойында шығармашылық әлеуетті ашу арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді тарту – міндет. Бүгінгі таңда облыс халқының төрттен бір бөлігін жастар құрайды. Басқарма міндеті – сол жастардың патриоттық сезімін оята отырып, олардың барлық мүмкіндіктеріне жол ашу.



ше қолдауды қажет ететін жасөспірімдер. 2021 жылдан бастап «Jas fund» жастардың зияткерлік және шығармашылық бастамаларын қаржылай қолдау қоры жұмыс істейді. Бір өтініш 100 АЕК құрайды. Қорды қаржыландырудың жалпы сомасы 2024 жылы 10 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. 2024 жылы 29 өтінім қолдау алды.

Биыл облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына конкурсы өткізілді. Грант облыстың жас азаматтарына жемісті ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметі үшін беріледі. Бес бағыт бойынша 25 грант табыс етті.

Бүгінгі таңда өңірде 73 еріктілер ұйымдары мен топтары жұмыс істейді, олар 4,5 мың адамды, негізінен жастарды қамтиды. Жалпы үйлестіру жүзеге асырылатын және волонтерлік ұйымдарға ресурстық көмек көрсетілетін волонтерлердің өңірлік фронт-офисі жұмыс істейді. Волонтерлік қозғалысты дамыту шеңберінде облыстың волонтерлік ұйымдары арасында гранттар конкурсы өткізілген болатын, соның аясында 10 жеңімпазға 500 мың теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді (жалпы қоры 5,0 млн тг). Сондай-ақ, Қарағанды облысының «VolteQ» волонтері Әзімбай Айша еліміздің «Тарихи-мәдени мұраларды сақтауға және дамытуға қосқан үлесі үшін» – «Жыл волонтері» номинациясы бойынша еріктілер арасындағы республикалық байқаудың жеңімпазы атанды.

Қазақстандық патриотизмді нығайту шеңберінде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы дамуда. Жыл сайын әскери-патриоттық клубтар «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жиналына қатысады, әскерге шақырылушыларды салтанатты түрде шығарып салу, жас офицерлер балы, «Ардағым – ардагерім» жастар акциясы өткізіледі.

Жастар өзін-өзі басқаруын ерекше нысаны ретінде облыстың жоғары оқу орындары мен колледждерінде жастар істері жөніндегі комитеттері мен студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда облыстың 8 ЖОО-да 14 студенттік өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді. Олардың қатысушылары 4 536 студент болып табылады.

Студенттік өзін-өзі басқару органдарының мүшелері жоғары оқу орындарының алқалы басқару органдарының құра-

мына кіреді. Студенттердің өз Парламенті бар, ол жоғары оқу орындарының басшылығымен өзара іс-қимыл шеңберінде студенттердің мүдделерін қорғайды.

Біз жыл сайын облыстың жастар активінің лагерін, жастармен жұмыс істейтін мамандарды және ҰЕҰ басшыларын оқытуды ұйымдастырамыз.

Өңірдегі NEET-жастар үлесінің төмендеуіндегі оң үрдіске қарамастан, статистика органдарының мәліметтеріне сәйкес, 2024 жылдың III тоқсанының қорытындысы бойынша NEET-жастардың үлесі 7,9%-ды (22 736 адам) құрайды, бұл 2023 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы 10,2% бойынша салыстырғанда 2,3 % пайызға төмен. Жұмыспен қамту шеңберінде жағдайды тұрақтандыру мақсатында жастар арасынан 23033 адам өтініш білдірді, оның 13931 адам жұмысқа орналастырылды, ал 966 адам жастар практикасына жіберілді.

Жастардың бизнес-идеяларын іске асыру үшін халықтың әлеуметтік осал топтарына 67 грант берілді (400 АЕК дейін-1,48 млн теңге).

Әлеуметтік қызметтер көрсету және жастар үшін әлеуметтік инфрақұрылым құру шеңберінде облыстық Комьюнити-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды, онда 7 аймақ бар: дыбыс жазу, дизайн, подкасттар (бейнероликтер) студиялары, «Тік ток» қосымшасында түсірілім үшін аймақтар, дрондарды ұшыруды оқыту, кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізуге арналған жұмыс аймағы, түрлі форматтағы іс-шараларды өткізуге арналған көворкинг аймағы. Әр аймақтың кураторлары контент пен өнімдерді (дизайнерлік киімдер, әндер, мұқабалар, подкасттар, бейнероликтер және т.б.) жасаудан басқа, оқу материалдарын жасайды. Оқушыларды өз бетінше жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды алғанға дейін жүргізе отырып, тренингтер өткізеді. Барлық қажетті материалдарды, арнайы жабдықтарды пайдалану тегін негізде ұсынылады.

Жалпы, 2025 жылға жоспарланған жобаларымыз бір күн емес, бүкіл уақыт кезеңі аясында жүзеге асырылуға және жастардың әртүрлі санаттарына бағытталған. Тек осы жағдайда ғана біз ұзақ мерзімді әлеуметтік маңызды нәтижеге қол жеткізе аламыз. Қарағанды облысының «жастарға арналған өңір» ретіндегі ұстанымын күшейту үшін маңызды іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады. Біз мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың, жастар проблемаларын шешу тетіктерін жетілдірудің тиімді нысандарын үнемі іздестіруді жалғастырамыз.

Атап айтқанда, жастар саясаты саласында бірінші саясат жүргізу кезінде жастар қоғамдық бірлестіктерінің, жастар мәселелерімен айналысатын жастар емес қоғамдық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың, бизнес-ұйымдардың және жастардың әртүрлі әлеуметтік топтары мен қауымдастықтарының сектораралық өзара іс-қимылы ретінде жастар саясатын дамытамыз.

**Нұржан ІЛІЯШ,**  
Қарағанды облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы

• РЕСМИ

# Шенеуніктер шектен шықпауы тиіс

Әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі. Мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, әдептілігі өте маңызды.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық және әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Олардың жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әлебі үнемі бақылауда, халықтың назарында.



Сурет ашық дереккөзінен

Сол себепті, мемлекеттік органдарға қоғам тарапынан сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған Әдеп кодексінің адамгершілік тарапынан мемлекеттік қызметшілерге берер бағыт-бағдары мол.

Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші барынша сыпайы, адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуы қажет, сондай-ақ, шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті.

Еліне қызмет етуші маман өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға міндетті, Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек.

Айта кетейік, Президенттің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жана редакцияда бекітілді.

Жаңа редакцияда бекітілген Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің менталитетін жаңаша қалыптастыруға зор үлес қосары сөзсіз.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі – мемлекеттік қызметшілердің әдептілігімен қатар, сыртқы келбетіне ерекше талап қойылады. Сондықтан да мемлекеттік қызметшілердің моральдық бет-бейнесі мен әдебіне сырт келбеті де сай болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуі тиіс.

Ал, бұл талаптардың сақталуын қарайтын алқалы органдар – Әдеп жөніндегі комиссия және Әдеп жөніндегі кеңес болып табылады.

Аталған органдар отырыстарында мемлекеттік қызмет заңнамасы мен Әдеп кодексін сақтау, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтары қаралып, тиісті шешімдер қабылданады.

Кеңес бақылауымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп

нормаларын сақтауында Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі зор.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларының сақталуына, ұжымның моральдық-психологиялық жағдайына мониторинг жасау, артық жұмыс атқару фактілерінің алдын алу мақсатында мемлекеттік қызметшілерді қатыстыра отырып, анонимдік сауалнамалар өткізіп, нәтижесі бойынша жергілікті атқарушы мекемелердің басшыларына қажетті шаралар қабылдау жөнінде ұсынымдар жолдап, мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қадағалайтын заңнама талаптары, алқалы органдар, уәкілетті өкілдердің үздіксіз профилактикалық еңбегі арқасында мемлекеттік қызметшілердің тәртібі жоғарылап отыра береді.

Айтылғанның айғағы – Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында қарастырылатын тәртіптік істердің азаюы. Мәселен, 2024 жылы Әдеп жөніндегі кеңестің 9 отырысында 48 мәселе қарастырылса, оның ішінде, тек 19%-на 9 тәртіптік істер, яғни, қаралған мәселелердің профилактикалық үлесі 81% құрап отыр.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатындығын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қоятындығын есте сақтауы қажет.

Себебі қоғам, мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына адал қызмет етеді деп сенеді.

Сондықтан, «Мен – мемлекеттік қызметшімін» деген кез келген азаматтың әрекеті, тәртібі мінсіз болуы қажет. Әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексі, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнама талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы керек.

**Жандос СӘРПЕН,**  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы

• КЕЗДЕСУ

# Құндылықтар дәріптелді

Қарағандыдағы №22 кітапхана филиалында «Зорлық-зомбылықсыз әлем» атты кездесу өтті.

Кездесуге Қарағанды облысы ПД ЖПҚБ-ның Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімінің аға инспекторы полиция подполковнигі Г.Сәтпаева, Ювеналдық полиция тобының инспекторы полиция капитаны А.Кукеева, №8 мектептің 10 сынып оқушылары қатысты.

Кездесуде мамандар түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ояларын ортаға салды. Мектеп оқушыларымен кері байланыс орнатты. Оқушылар кездесу оқиғаларына ояларын дағы толғандырып жүрген маңызды сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды.

Бала тәрбиесі, жасөспірімдер құқығы айтылатын жерде отбасы құндылығы мен ата-ана құқығы да қатар жүрері сөзсіз. Осы тұста оқырмандарға арналған құқықтық ақпараттық жадынамалар таратылды. Тақырыпқа сай бейнероликтер мен слайдтар көрсетілді.

**Махаббат САМЕНОВА,**  
№22 кітапхана филиалының қызметкері

• «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ»

# Сапалы білімнің тұғыры

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қазақстандық мәдени құндылықтар негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ождан, рухани-адамгершілікті жоғары қояды. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры.



Сурет ашық дереккөзінен

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Маңаймызға көз жүгіртсек, ұлттық идеологиясы мықты мемлекеттер бүгінде өркениеттің төрінен ойып тұрып орын алуда. Өз тәжірибемде ең маңызды ұлттық құндылықтарға туған тіл, туған жер, тәуелсіздік, салт-дәстүрді айтар едім.

«Бұтаққа су, ұрпаққа рух бермесен, көгермейді» деген Абылай ханнан қалған тәмсіл бар. Ал, осы құндылықтарды бала бойына сіңіруге қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің алар орны маңызды. Қазіргі таңда төртінші сыныпқа сабақ беремін. Бастауыш сынып мұғалімі болған соң оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды үздіксіз сіңіруді

үнемі жолға қойып келемін. Жаңа білімге негізделген оқулықтардың құрылымы дәстүрлі оқулықтардың құрылымынан өзгеше. Әдебиеттік оқу, дүниетану, пәндерінде берілген бөлімдердегі тақырыптар оқушының бойына рухани және материалдық құндылықтарды дарытуға бағытталған болса, әр тақырып ішіндегі мәтіндік тапсырмалар да ұлттымыздың тарихына құрметпен қарауға, еліміздің бірлігі мен этносаралық татулығын сақтауға, Ата Заңымызды қастерлей білуге, салт-дәстүрімізді сақтай білуге баулитын мәтіндермен берілген. Біз оларды қастерлеп, қадірлеп, ерекше құрмет тұтуымыз қажет.

Құндылықтарымызды қадір тұтатын еліміздің жастарын дұрыс тәрбиелеп, салт-дәстүрлерімізді көркем шығармалар арқылы оқушы санасына сіңіре білу – парыз.

**Лаура АБЕУОВА,**  
Ж.Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

• ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРІ АМАНГЕЛДІ ЖАНТАСОВ – 70 ЖАСТА

# «Қара майордың» қаруласы

(очерк)

Ерсін МҰСАБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Батыр болуды көксеген бала арман

«Жартасты жастанған жасақ» кітабының соңғы нүктесін қойып, қаламын қаңтарған запастағы офицер Амангелді Теміржанұлы креслосын сықырлата шалқайып, ауыр күрсінді. Ауыр ой құрсауынан шыға алар емес. Ол үшін бүгінгі ой құрсауы осыдан 43 жыл бұрынғы Ауғаншын Панджшер шатқалындағы жау құрсауына іліккен сәттердегі қатерлі тәуекелдерден де ауыр.

Мына кітапты жазып шығу да оңай болған жоқ.

Сәт сайын өткенді еске түсіріп, көмеңкілене бастаған көріністерді жанында жаңғырту, қарулас достарының қазасы, елге деген сағыныш, өмір мен өлім белдескен ауыр сәттердің суық суреттері... Осының бәрін ой елегінен өткізіп, хатқа түсіру оңай деймісің!?

Бүгін жеңілдеп қалды. Дегенмен, қанды жорық жолдарын қайта кешіп өткендей күй кештірген бұл кітаптың мехнаты да жеңіл болған жоқ. Қос қолын желкесіне қойып, көздерін тарс жұмып, терең ойға берілді. Көз алдынан кәсіби офицердің беймаза тұрмысы, соғыстың небір сұрапыл эпизодтары өтіп жатыр. Сергек офицердің жүйрік қиялды жетегіне алған көкденен көңілі туған жері Көкшетауға бір-ақ тартты. Балдәурен шақтың алаңсыз сәттері, әкенің қамқор пейілі, анының мейірман жүрегі ой сергітіп, жан жадыратуға таптырмас дәру екен ғой, шіркін!

...Екінші сыныпта оқитын кезі. Мұғалім: – Өскенде кім боламыз? Қандай мамандық иесі болғыларың келеді? – деп, жаппай сыныпқа жалқы сұрақ жодаған. Бүлдіршіндер шулап қоя берді. «Дәрігер боламын!», «Мұғалім боламын!», «Шахтер боламын!»...

– Амангелді, сен неге үндемейсің?  
Тікелей өзіне бағытталған сұрақ болмаса, жағының жігі қозғала қоймайтын біртоға бала орнынан шапшаң қозғалып, қаққан қазықтай тік тұра қалды да:

– Офицер боламын! – деді.  
Бесінші сыныпта да, жетінші сыныпта да осы сұрақ қойылған. Амангелдінің жауабы өзгерген жоқ. Тіпті, оныншы сыныпта «Кім болам?» деген тақырыпта шығарма жазғанда да «Офицер боламын» деген арманын аялап, бейбіт өмірдегі әскери офицерге қойылатын кәсіби талаптарды тереңнен толаған.

Мектеп бітірген жылы Көкшетау қалалық әскери комиссариатына Новосибирск әскери-саяси училищесіне оқуға жіберуін өтініп, құжат тапсырды. Алайда, оның құжаты шатасып ішкі әскер сарбаздарын даярлайтын Ленинград әскери училищесіне кетіп қалған екен. Бұл бас тартты. «Мен ішкі әскер офицері емес, қарулы күштер офицері боламын» деді.

Әкесі Теміржан марқұм ұлының болашақ офицерге тән бірбеткей, табанды мінезін жақсы білетін. Сонда да кешкі ас үстінде:

– Балам, оқуды не істейтін болдың? «Теміржанның баласы оқуға түсе алмады» деген сөзге қалып жүрмейкі, – деп, баланың болашағына қатысты маңызды әңгімені бастап жіберді.

– Бір жыл жұмыс істеп, келесі жылы әскерге барамын!  
Амангелдінің жауабы командирдің алдында бұйрық күткен сарбаздың рапортындай жинақы шықты.

– Тым болмаса, биыл кез келген бір оқуға құжат тапсырып, бағынды сынап көрсенші. Кейін көресің, – деген әке өтінішін жерде қалдырмады. Сол жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтының ауыл шаруашылығы құрылысы факультетіне оқуға түсті.

Бірінші курстың соңында, сессия басталмай тұрған мезгілде деканға өтініш жазып, құжаттарын қайтарып алды. Сөйтті де, өз еркімен міндетті әскери қызметке аттанды. Бұл болашақ полковниктің балаң кезде оянған арманына бір табан жақындаған сәті еді.

Көңіл көкжиегіне қонақтаған сәулелі сәттердің әсері ме, Амангелді жазу үстелінде қанша отырғанын бағамдаған жоқ. Әйтеуір, өмірінің 1981 жылғы 29 қазанға дейінгі кезеңін оймен шолып өткенде, опық жеп, өкінетіндей ештеңе кездестірмеді. Әскери қызмет, үздіксіз жаттығу, Қапшағайда жасқалған «Қанатты гвардия» құрамына қабылданған сәттері... Бәрі-бәрі жадында жаңғырып, көз алдынан киноаспа кадрларындай зуылдап өтіп жатыр. Есіне түсіргі келмейтін сәттер де бар. Бірақ, өзінің жүріп өткен жолын айналып өтер амалы да жоқ.

## Аңыз адаммен алғашқы кездесу

Новосибирск әскери училищесін үздік бітірген жас лейтенант «Қызыл дипломның» барлық мүмкіндіктерінен бас тартып, өз Отаны – Қазақстанға сұранған.



Үздік түлектердің болашақ қызмет орнын таңдау мүмкіндігі зор болатын. Ол Қазақстанды таңдады. Оған да өкінген жоқ. Кезінде өзі мерзімді әскери қызметте болып, азаматтық борышын өтеген 374-мотоатқыштар полкіне (Семей облысы, Жарма ауданы, Гиоргиевка селосы) келді.

Бұл КСРО-ның «Интернационалдык әскери жәрдем береміз» деген желеумен Ауғанстан жеріне Кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдаған 1979 жыл еді. Орта Азия әскери округі құрамындағы 155-мотоатқыштар дивизиясынан Ауған шекарасына аттанған екінші эшелонмен Амангелді Теміржанұлы қызмет ететін 374-полк те 1980 жылдың қаңтар айында Термез қаласына келді.

Жолдағы үш тәулік үш жылдай ауыр жылжыған. Алдарында не күтіп тұр? Соғыс тактикасы бойынша теориялық білімі терең, жаттығу машығы шебер жас офицердің жан дүниесін тұмшалап алған қорғасын ойлар жанын қоярға жер тапқызбай келеді. Сонда да, әскери офицер болғанына өкінген емес.

Термезде екі апта болған бұлар да елге қайтуға жиналды. Бас штабтың ұйғарымы солай болса керек. Енді ойлап отырса, бұл да болса Алланың көрсеткен жәрдемі шығар. Ауған даласына алғаш кірген бетте КСРО әскери орасан шығынға ұшырағанын кейін біліп жатырмыз ғой. Ол уақытта ашық ештеңе айтылмайды. Барлығы – құлыптаулы құпия. Тіпті, сенің Ауғанстанға кеткеніңді отбасың да білмей қалуы мүмкін.

Екі аптада алыстан талып жеткен снаряд жарылыстарының дүмпуі болмаса, жақыннан атылған мылтық үнін естімей-ақ Алматыдағы Орта Азия әскери округінің Бас штабына әр әскери бөлімнен жіберілген 40 шақты офицердің бірі болып лейтенант Жантасов та елге оралған.

Бір күні округтің саяси басқармасы кадр бөлімінің бастығы, полковник Полетуций барлық офицерлерді атшаптырым залға жинап, Қапшағайдағы арнайы жасақ туралы егжей-тегжейлі түсіндірді. «Әуе десанты қызметіне барғысы келетіндер бар ма?» деген сауалға бәрі «Барамыз!» деп жауап берген. Орын шектеулі екенін ескерткен полковник үміткерлерді бір-бірілеп келесі кабинетте отырған екі полковниктің қабылдауына кіргізіп жатыр. Амангелді Теміржанұлы да кірді. Әңгімелесу әскери тәртіп жағдайында өтті. Сұрақ – нақты, жауап – қысқа. Барлығын қабылдап болған соң, қайтадан әлгіндегі залға жинап алды да, арнайы жасаққа қабылданған офицерлердің тізімін жариялады. Алғашқылардың бірі болып «Лейтенант Жантасов» деген дауыс естілді.

Қарулы күштердің элиталық құрылымы саналатын арнайы жасақ құрамына қабылдану жас офицер үшін бағалы бақыт болатын. Қапшағайға жүрерде арнайы жасақ отрядының командирі майор Борис Керімбаев екенін естіді.

Қапшағайдағы әскери өмірдің алғашқы күні. Жас лейтенант бақылау-тексеру бекетінен өтіп, әскери бөлім аумағына енгені сол еді, өзара қауқылдасып, шылым шегіп тұрған бір топ офицерді көзі шалды. Ортасындағы қара бұжыр майордың сұсты жанаарынан оқша қадалған сес Жантасовтың бойын селт еткізді. Мына көзқарасқа селт етпеу мүмкін емес еді. Өңі жас көрінгенімен, қарлығыңы үні майордың талайды көрген әккі офицер екенін танытып тұр. Сол қарлыққан үннің орысшалап:

– Кто такой? – дегені де құлаққа түрпідей тисін. Әскери тәртіптің аты – әскери тәртіп. Мың жерден бейтаныс болса да, өзіннен шені жоғары офицерге оң қолыңды шекене қойып, өзінді таныстырып, келу мақсатыңды баяндауың шарт. Бұл да сол тәртіптен жаңылған жоқ. Содан кейін ғана майордың түсі жылып, жанаарына мейірім ұялады. Ал, Амангелді Жантасов бұл майордың арнайы жасақ командирі Керімбаев екенін жазбай таныған.

Командир Керімбаев жас лейтенантты ертіп, өзін күс ұясындай кабинетіне алып келді. Кабинет дегенде де, жайнап, жарқырап тұрған ештеңе жоқ. Командир есік ашқанда есек шыңғырғандай дауыс келді құлағына. Екеуі еденді басқанда, тақтайдың екінші басы маңдайларына тиетіндей сескеніп қалды. Командир отыратын ескі кеңсе үстелінің беті – жауыр аттың арқасындай. Өзі отырмас бұрын қарсы алдындағы орындықты нұсқап:

– Отырыңыз, лейтенант! – деді. Жан-

тасовтың жаны жайланып, көңілі орнына түсті. Жөн сұрасты. Керімбаевтың әскери өмірден тәжірибесі мол екені көрініп тұр. Ойы – жинақы, сөзі – салмақты. Кең отырып кеңесін айтты. Әңгіме соңына қарай біршама уақыт үнсіз отырып, жас лейтенантқа байыппен үңіле қарап отырды да:

– Жолдас лейтенант, мен Сізді техникалық рота командирінің саяси мәселелер жөніндегі орынбасары етіп тағайындаймын. Осы сәттен бастап Сіз – замполитсіз! Арнайы жасақ құрамына қабылдануыңызбен құттықтаймын! Есіңізде болсын, арнайы жасақта барлық лауазым иесі жауынгерлік жауапкершілікте болады. Саяси жетекші екенім деп босансаңыз! Сын сағатта қару асынып, сапта тұратыныңызды ұмытпаңыз! Сәттілік тілеймін! – деп, қолын ұсынды. Енді болмаса, жас лейтенант оң қолын шекесіне қойып: «Құл болады, жолдас командир!» дегуе ыңғайланып жатыр еді. Өзінен жасы да, шені де үлкен командирдің әскери тәртіпке жат дағдымен қол ұсынғанына ыңғайсызданып қалды.

Қол алысқанда, Керімбаевтың қарулы



Арнайы жасақ командирі Борис Керімбаевпен бірге

екені бірден аңғарылды. Лейтенанттың қолын қысықырап жіберді. «Мен сендерді осылай ұстаймын!» деген емеуріні шығар, бәлкім.

– Бар, алтыншы ротанды тауып ал!  
Аңыз адаммен алғашқы кездесудегі әңгіме осымен тәмам болды.

## Ұзату тойына кешіккен күйеу жігіт

... Дастарқан басында да ойдан арылар емес. Қою күрең шәйді баптап құйып, нәзік қимылмен ұсынған асыл жары Баянның қолығына сүйсіне қарап отырып, екі жақты әлдене әбігер қылған екеуінің үйлену тойы есіне түсіп кетсін.

...Училище бітіріп келіп, Георгиевқадағы әскери қызметтің алғашқы демалысында үйленуге уағдаласқан. Демалыс алысымен, құстай ұшып Қарағандыға жетті. Көкшетаудан әке-шешесі де жетті құдалыққа. Анасы Қалима марқұм өзінің бір ағасын ерте келіпті. Қайын жұрты – Қарағандыға белгілі Исағұловтар әулеті. Құдалық дүркіреп өтті. Екі жақ бәтуаласып, той күнін де белгілеп тастады. Ерtesіне Теміржан ақсақал мен Қалима шешей пойызға отырып, ауылға тартты. Офицер күйеу «Қарағанды» қонақ үйіне орналасқан. Таң ата қалыңдық телефон шалып, үйге телеграмма келгенін айтты. «Шұғыл түрде әскери бөлімге оралуың» бұйыршыпты.

Асығыс жуынып-шайынып алып, әуежайға тартқан. Баян шығарып салды. Ауылға әуежайдан телефон соғып, мән-жайды баяндады. «Тойдың уақытын шегеруге тура келеді», – деп, әке-шешесіне әскери қызметтің тәртіп-талабы осылай болатынын ғана айтты. Бұл шақыртудың күдік тудырып тұрған негізгі себебін бүгін қалды. Ол себепті жайлап қана Баянға жеткізді.

– Бізді соғысқа жіберетін шығар. Бірақ, сен қорықпа. Соғысқа барсам да, мен – саяси жетекшімін, штабта боламын. Не Ауғанстанға, не Қытайға баратын шығармыз. Екі елде де саяси ахуал ушығып тұр ғой. Қайда жіберсе де, саған телеграмма саламын. Егер «Алматыға кеттім» десем, ол – Ауғанстан. «Қостанайға жіберді» десем, ол – Қытай. Шартты белгіміз қазақ қалаларының бас әріпі болады. Сол арқылы менің қайда кеткенімді білесің, – деп, қалыңдығын қимай-қимай, «Қарағанды-Семей» рейсіне отырды.

Георгиевқадағы әскери жини, Ауғанстан сапары, Термездегі екі апта, Қапшағайдағы арнайы отрядтың жасақталуы... Қым-қуыт әскери өмірдің қарбаласымен жүргенде, тойдың алғашқы белгіленген уақыты өтіп кетті.

Арнайы отряд толық жасақталып, қызметке қызу кірісіп кеткен. Рота командиріне ештеңе жағдайын айтты.

– Менің құдалық жасап, сөз байласқан

қалыңдығым бар. Бір белгіленген тойымыздың мезгілі өтіп кетті. Қалыңдығыммен хат алмасып, сөйлесіп отырмын. Ол түсінеді. Бірақ, қайын жұртымнан «Жеңілтек жігіт екен. Қызымызды алдап кетті» деген әңгіме шығып жатыр екен. Маған қысқа мерзімге демалыс беріңіздер. Мен үйленіп, тойымды өткізіп келейін.

– Лейтенант Жантасов! Сенің үйленгенің не? Біз – арнайы мақсаттағы отрядтың жауынгеріміз. Бізге отбасын құру емес, Отанды қорғау жүктелген. Егер, нақты баруым керек десең, саяси басқарма бастығынан рұқсат ал, жіберейін.

Тығырыққа тірелді. Тәуекел етіп, басқарма бастығына барды. Одан да тура рота командирі айтқанды естіп қайтты. Енді не істеу керек?

Бастықтарға тағы өтініш жасады. Ақыры «Егер, төтенше жағдай бола қалса, жауапкершілікті өз мойныңа аласың. Біз «қашып кетті» дейміз. Ал, сен келгенше барлығы тыныш болса, онда бақытты бол! Бір апта уақыт беремін, барып кел», – деген жартылай рұқсатты алып, жолға қамданды.

Қара күзде шекарадан өтіп, Ауған асуының алғашқы бекеті Андхойдан асқан бетте моджахедтер шабуылына ұшыраған «Екінші мұсылман батальоны» екі жыл бойы ауған көсемі Ахмад шах Масудты ақылынан алжастыратындай әккі тактикаларымен аңызға айналды. Арнайы жасақ командирі Борис Тоқенұлы Керімбаевтың да даңқы аспандап, Ахмад шах «Панджшер арнасы» атанса, Керімбаев «Панджшер королі» атанды. Құрбашы, даңқты дала командирі Маулана Қараның жойқын соққыларына шебер тактикалық тойтарыс берген қазақ командиріне Ауған халқының өзі «Қара майор» деген лақап ат берді.

«Қара майор» әскерінің Ауған жеріндегі алғашқы ұрысының өзі толасыз 11 сағатқа созылған екен. Шатқалдың тар өткелінен әскери техникалар мен қару-жарақ тиелген автоколоннаны аман алып өту қияметтің көпірінен өтумен пара-пар болғанын «Қара майор» өзінің «Қапшағай батальоны» атты кітабында жазған болатын.

Алғашқы ұрыста 8 сарбазы жараланып, 2 жауынгері қаза тапқан майор Керімбаев ендігі жерде адам шығынына жол бермеуге бекінді. Иә, «Қара майор» соғыс тактикасында барлау арқылы шабуыл жасауға маманданған. Тау шатқалына бекініп алған жау ұяларын жалаң қол ұрыс, шала жоспарланған шабуыл арқылы алу мүмкін еместігін Ауғанстан топырағына табаны тиген сәтте түйсінген.

Панджшер шатқалы үшін болған шайқастың бірінде де «Қара майордың» тәсіліне төтеп бере алмаған Ахмад шах Масудтың өзі Керімбаевтың ерлігін мойындайтынын паш етіп, оның басына 1 миллион доллар тіккені XX ғасырдың ең мажбүрлі мәлімдемесі болғанын айтпасақ болмас. Панджшер шатқалын ұсынып шығарып алған Ахмад шах ауған халқы алдында «Бір айда «Қара майордың» құл-талқанын шығарып, Панджшерді қайтарып аламын!», – деп, Құран ұстап ант бергені де Ауған соғысының аңызына айналғанын жақсы білеміз. Ол да мүмкін болмады. Шатқалдан күдерін үзген Ахмад шах ақыры Кеңес әскеріне келісімге келуге мажбүр болды. Келіссөзге «Қара майор» да барады. Келіссөзге келгендерді қарсы алған Ахмад шах әскерінің бас барлаушысы, Ауған көсемінің ең сенімді серігі Азмуддин «Қара майорды» көріп таң қалған екен. «Сенің басыңа қыруар ақша тігілгенін біле тұра, келіссөзге қорықпай қалай келдің?», – депті, танданысын жасыра алмай. Сонда Керімбаев «Менің отрядымдағы әр сарбаздың басы 1 миллион доллар тұрады», – деген екен еш ойланбастан.

Отрядқа сол сәтте тараған «Қара майордың» бұл сөзі қаруластарын ерекше жігерлендіріп еді. Замполит Жантасов та сарбаздарға:

– Көріңдер ме? Командир бізді қалай бағалайды?! Сол сенім, сол құрметке лайықты болуымыз керек! – деп, рухтандырағаны есінде.

...Бүгінгі полковник Амангелді Жантасов өзінің «Жартасты жастанған жасақ» атты кітабында «Мен қызмет еткен екі жыл ішінде біздің отрядтан небары сегіз жауынгер қаза тапты. Өрине, сегіз жауынгердің қазасы – олардың отбасы үшін ауыр қасірет. Ал, жүздеген, мыңдаған сарбаздың өмірін қатерге тіккен шатқалдағы шайқастың қаншалықты ауыр болғанын көрген біздер үшін бұл да – шүкіршілік етерлік статистика. Тірі қалғандардың бәрін біздің командирдің соғыс тактикасы мен қатан талабы қорғап қалды», – деп жазған еді.

Ахмад шахты қуып шыққаннан кейін шатқалды ұстап тұру қайтадан «Қара майорға» тапсырылған. Ол бас тартқысы да келіпті. Бірақ, Керімбаев кетсе, отрядқа басқа командир тағайындалады. Ол отрядты қыруар шығынға ұшыратса ше? Өз жігіттерінің амандығы үшін «Қара майор» Панджшерді бір ай ұстап тұруға келісім берген. Алайда «Қапшағай батальоны» шатқалда сегіз ай тұрды.

\*\*\*

...Омырауында жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» ордені мен тәуелсіз Қазақстанның «Құрмет» ордені және бірнеше жедаль жарқыраған Ауған соғысының ардагері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер ардагерлері кеңесі Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, полковник Амангелді Жантасов мектеп оқушыларымен патриотты тәрбие мәселелері бойынша кездесу өткізіп отыр. Бір оқушы:

– Ауған соғысында басыңыздан өткерген ең қауіпті сәт туралы әңгімелеп беріңізші, – деді.

– Соғыстың әр сәті, әр минут, әр секунды – қауіпті. Аты аңызға айналған «Қара майор» отрядының сапында қызмет еттім. Біздің жасақ әйгілі Панджшер шатқалын сегіз ай бойы қорғап тұрды. Осы уақытта үрейсіз өткізген бір минутымыз болған жоқ. Алған жаракатымыз жазылды. Ал, жүректегі жара мәңгілік жазылмайды, – деп жауап берді «Қара майордың» қаруласы.

Иә, миллиондаған жүрекке Ауған қасіреті салған жара жазылған жоқ.

Суреттер кейінкердің жеке мұрағатынан

# Шаңырақтың киесі

Арқаның кіндігіндегі көрікті мекен Қарқаралы қаншама тарихи мезеттерді бастан кешті. Қазақ-жоңғар соғысында мезгіл мінбесінен уран шақырған Сеңкібай, Матақ батырларды айтпағанда, кешегі сұңғыла Кенже бидің өзі неге тұрады?! Батырлардың жалғасы, алтынның сынығы, Ұлы Отан соғысының жауынгері, 40 жыл шахтада еңбек еткен Шайғас Бидайбаев 1925 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бокты ауылында дүниеге келген. Шайғастың әкесі атақты – Тоғалақ, Бексейіт қажының немересі Күлікбай. Анасы Шәрбан – Әйтімбеттің Жаманбайының қызы.

Жиырмасыншы ғасырдың басында «Қарқаралы петициясы» мен «Бокты көтерілісі» халықтың өзбір билікке деген қарсылығы болып тарихқа қалды. Шайғастың әкесі Күлікбай да «Бокты көтерілісіне» қағысып, «Жаным – арымның садағасы» деп күрескерлердің бірі. Ел намысын қорғаған ерлі билік төрт жылға Сібірге ітжеккенге айдағып жібереді.

Медицина ардагері Аманжол Нұрбеков: «Шайғастың ата-бабалары ел арасында сыйлы болды. 1929-1930 жылдары Бокты көтерілісіне қатысқаны үшін үлкен әкесі сотталып кетті, Сібірге айдалды. Шайғас ақсақал балаларына еңбеккерліктің, елге қызмет етудің үлгісі болды. Тектілік деген осы болар», – дейді.

Абақтыдан келгеннен кейін де қудалай берген соң Ресей асып, Улан-Удеге көшуге мәжбүр болады. Шайғастың өзі ғана емес, ағайын-туысы да әр жаққа бытырап, зобалаңның зардабымен бірі Қытайға, бірі Ресейдің Кемерово қаласына, бірі Оңтүстік Қазақстанға қоныс аударды.

Ұлы Отан соғысы әр отбасының тарихында өз ізін қалдырды. 1943 жылдың үшінші қыркүйегінде Шайғас Держинский ауданының соғысқа аттанады. Оның жан қиярлық қызметі көптеген наградалармен – «Жауынгерлік еңбек

кі үшін» медалімен, «Варшаваны азат еткені үшін» медалімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

1949 жылы өмірлік жарын кездестіріп, Капиза анамызбен отау құрады, туған елге оралады. Ерлі-зайыптылар Ноян, Нұғыман, Баян атты перзентерді дүниеге әкеледі.

Шайғас Күлікбайұлы соғыстан кейін Қарағанды облысындағы Костенко шахтасына жұмысқа тұрып, Орталық әмбебап жабдықтар қоймасының басшысы болды. 1945 жылы фашисті тізе бүктіріп, соғыста ауыр жараланып, туған жерге сағынышпен жеткен азаматты аңду мұнда да тоқтамайды. Әділетті біртөктей, кешегі Бексейіт қажы, Сәлмен қажылардың жалғасындай болған Шайғас әкесі сол жылдары «Халық жауының тұқымы» деген желеумен 58-баппен соттап жібереді. Дегенмен, әділдік орнап, бір жылдан кейін Шайғас Күлікбайұлы ақталып шығады.

Қарағанды спортшыны қайраткері Валерий Громов Шайғас Күлікбайұлының өзіне үлгі тұтып өскен. «Менің барлық саналы ғұмырым, әсіресе, жастық шағым Костенко шахтасында өтті. Себебі, 1955 жылы бұл шахтаға менің анам жұмысқа тұрды. Мен сол шахтада әйгілі, аты аңызға айналған «Юрий аға» – Шайғас



Күлікбайұлының жұмыс істейтінін естіп өстім. Шайғас аға Орталық әмбебап жабдықтар қоймасында менгеруші болды. Бұл қойма шахтаның қалыпты жұмыс істеуіне мүлтіксіз қызмет етті. Костенко шахтасы Қарағанды облысындағы көмір өндірісінің жүрегі болды. Шахтаны Социалистік еңбек ері Николай Гульничский басқарды, Григорий Президент шахта директоры болды. Шайғас аға осы адамдармен қатар елге бел жазбай қызмет етті. Әр адам өмірде жасаған қызметімен және балаларымен із қалдырады. Мен Шайғас ағаның балаларымен дос екенімді мақтан етемін. Шайғастың ұрпағы үлкен жетістікке жетуде. Олар өз ата-бабаларының асқан мәртебесімен алып жүр. Біз Бидайбаевтар әулетінің Қарағандының дамуына үлкен із қалдырғаны-

на, біздің мемлекеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқанына куәміз. Шайғас Күлікбайұлының есімі ұмытылмайды», – дейді спортшы.

Шайғас Күлікбайұлы өз өмір жолын шахтадағы ең төменгі деңгейден бастап, кәсібилігінің арқасында әріптестерінің құрметіне бөленді. Ол көптеген жас мамандардың тәлімгері болды.

Әр адам өз өмірінде игі істерге шабыттандыратын идеалды табуға тырысады. Шайғас Күлікбайұлының еңбеккерлігі, мейірімділігі мен даналығы оны отбасының мақтанышына айналдырып қана қоймай, айналасындағыларға үлгі қылды. Ол жас кезінен бастап, балаларына адалдықты, әділеттілікті және басқа адамдарға құрмет көрсетуді үйретті.

Шайғас Күлікбайұлының ұлы Ноян Бидайбаев 48 жыл бойы дәрігер атты қызметті абыроймен атқарды. Ноян Бидайбаев: «Менің әкем қаңтардың 25-де 100-ге келеді. Қарқаралының Бокты ауылында дүниеге келген. Үкіметке қарсы көтерілістің үшін атам Сібірге 4 жылға сотталып кетті. Нағашым Саттар да 10 жылға сотталды. Қудалауға шыдамай, абақтыдан келген соң атам Ресейге көшіп кетті. Нағашыларым Текелі, Талдықорғанда тұрып жатыр. Әкем Улан-Удеде тұрып жатқанда менің шешем Капизаға кездесіп, қосылды. Қарқаралыда Ақбай-Қызылбай деген жерде Сәлмен байдың қыстағы бар. Сәлмен бұлағы деген бұлақ бар. Менің шешем Капиза – Сәлмен қажының немересі, үлкен ұлы Мұхтардың қызы. Қарқаралыда Аққора деген жер бар. Ондағы Мейіхан деген қыстақта Мейіханұлы Қажеке Төре деген кісі тұрды. Онда бала болмай, Капизаның әкесімен келісіп, мені бауырына басты. Мен бір жағынан төрелік қолында өстім, өз әкем – Тоғалақ руынан, нағашыларым – Әйтімбет. Үш жаққа тел өстім.



Ұлы ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ

Нағашыларымыздың тарихы өте терең. Капизаның әкесі Мұхтар атақты мұғалім болған. Халық мұғалімі ретінде қаншама марапат алған. Алматы жақта өле-өлгенше қызмет істеді. Бала кезімізде бізге әліпшени үйретті, домбыра тартқызып, Мәдідің, Естайдың әндерін айтып өстік. 1950 жылы Қарағандыға қайтып көшіп келеді. Сол кезден бастап, әкем Шайғас Ленин орденді Костенко шахтасына жұмысқа тұрып, зейнетке шыққанша сонда жұмыс істеді. 71 жасында өмірден өтті», – дейді Ноян Шайғасұлы.

Шайғастың інісі Жапастың ұрпақтары тамыр жайып туған топырақта өсіп-өркендеп жатыр. Жапастың қызы Қарлығаш Оралға, Сәулесі Қарағандыда орнықты. Ұлы Нұрлан Алланың жазуымен өмірден ерте озды.

Шайғастың қарындастары Рая мен Рабига елге сыйлы, бауырға пана, бір-бір әулеттің кара шаңырағы болып отыр. Жездемзіт Хамит иман жолында.

Бидайбаевтар отбасы – өз өмірін қажырлы еңбекке арнаған әулет. Әулеттің негізін қалаушы Шайғас ақсақал – кейінгі ұрпаққа үлгі болған мықты тұлға. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді. Шайғас ақсақалдың жолын жалғастырып, ізін басқан ұрпағы ата-бабаның атына кір келтірген жоқ. Жатқан жеріңіз мамық, рухыңыз бейіште шалқысын!

Руслан НУРБАЙ,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

## Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылғы 12 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 8 аудиторлық және 3 сараптамалық – талдау іс-шарасы өткізілді.

Мемлекеттік аудиттен 94 075 701,5 мың теңге қаражат көлемімен 71 объекті және 4 сараптамалық-талдаулық іс-шаралар объектісі қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларының бұзылушылықтары 109 334 430,2 мың теңге мөлшерінде анықталды. 66 838 692,9 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 2024 ж. 63 799 515,5

мың теңге немесе 95,5% қалпына келтірілді және өтелді.

Өткізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша: аудит объектілеріне – 8 аудиторлық қорытындысы және 38 нұсқамасы жолданды, 42 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауынан анықталған фактілері бойынша 19 ұсыныс жолданды; әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 332 аудит материалдары жолданды, жалпы 28 443,2 мың теңге айыппұл сомасына 125 тұлға

әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есептік кезеңде Тексеру комиссиясы 1 107,6 мың теңге айыппұл сомасына 4 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына (Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Қарағанды облысы бойынша департаменті, Қарағанды облысының прокуратурасы) – аудиттің 14 материалы, оның ішінде: 4 – қарауда, 10 – бойынша – тәртіптік сипаттағы шараларды қабылдау үшін уәкілетті органдарға қайта жіберу туралы шешімдер қабылданды.

**Қарағанды Шинсервис**

**ШИНАЛАР**

**SHINMAX centara**

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕРҮШІН •  
ЖЕҢІЛ ЖҮК КӨЛІКТЕРІҮШІН •  
ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ •  
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ  
ТЕХНИКАЛАРЫҮШІН •  
АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРҮШІН •

**XBR I LINK**

Қарағанды қ., қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
8 707 80 35 800 shynservice

### Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС **2025 жылдың 28 ақпан күні сағ. 11:00-де** Қарағанды облысы, Бұхар жырау ауданы, Баймырза ауылдық округі, Тәуелсіздік көшесі 1, Мәдениет үйінде «Нұрқазан кен орнын игеру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру (кадастрлық Учаскенің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер	Географиялық координаттар					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	50	09	14,53	72	59	10,86
2	50	09	31,91	72	59	45,33
3	50	10	04,66	73	00	07,25
4	50	09	25,50	73	00	20,56
5	50	09	15,97	73	01	45,12
6	50	08	39,26	73	01	45,12
7	50	08	16,04	73	01	22,49
8	50	08	12,79	73	00	19,30
9	50	08	41,98	73	00	06,31
10	50	08	57,46	72	59	31,25

және пошталық мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz э.мекенжайы бойынша және тел. нөм. 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм. 10557) сұрауға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Бейнеконференцияға онлайн қосылуға сілтеме: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m37d7dfdc4d1950d2e9f1f41df1ab043>

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 251 688 958 71

Жиналыс құпия сөзі: 123456xX

нөмірі № 09-140-109-340 және 09-140-109-341) жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу жоспарланғанын хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Бұхар жырау ауданы, Баймырза ауылдық округі

Учаскенің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер	Географиялық координаттар					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	50	09	14,53	72	59	10,86
2	50	09	31,91	72	59	45,33
3	50	10	04,66	73	00	07,25
4	50	09	25,50	73	00	20,56
5	50	09	15,97	73	01	45,12
6	50	08	39,26	73	01	45,12
7	50	08	16,04	73	01	22,49
8	50	08	12,79	73	00	19,30
9	50	08	41,98	73	00	06,31
10	50	08	57,46	72	59	31,25

және пошталық мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 бойынша қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін келесі Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz э.мекенжайы бойынша және тел. нөм. 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм. 10557) сұрауға болады.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі.

Бейнеконференцияға онлайн қосылуға сілтеме: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m37d7dfdc4d1950d2e9f1f41df1ab043>

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 251 688 958 71

Жиналыс құпия сөзі: 123456xX

### Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что **28 февраля 2025 года в 11:00 ч.** планируется проведение общественных слушаний по разделу «Охрана окружающей среды» к проекту «Рекультивация нарушенных земель при отработке месторождения Нурқазған (кадастровый номера Географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	50	09	14,53	72	59	10,86
2	50	09	31,91	72	59	45,33
3	50	10	04,66	73	00	07,25
4	50	09	25,50	73	00	20,56
5	50	09	15,97	73	01	45,12
6	50	08	39,26	73	01	45,12
7	50	08	16,04	73	01	22,49
8	50	08	12,79	73	00	19,30
9	50	08	41,98	73	00	06,31
10	50	08	57,46	72	59	31,25

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Аманкелдина А.С., главный специалист ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7212) 957401, э.адрес: Aitolyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 060641009902. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), э.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecorportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecorportal.kz, на э.л. адрес: expertiza.upr\_krg@mail.ru и почтовый адрес: г. Караганда, ул. Лободы 20 в срок не

позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по э.л. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

Ссылка на онлайн подключение: <https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=m37d7dfdc4d1950d2e9f1f41df1ab043>

Номер совещания (код доступа): 251 688 958 71

Пароль совещания: 123456xX

### Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС **2025 жылдың 05 наурызы сағат 12:00-де** Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Абыз а., Абыз көшесі, 4, Абыз ауылының клубында «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС «Қарағандыбетмет» ОБ филиалының Абыз кен орны үшін **2025-2031 жылдарға арналған «Абыз кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспары (ашу схемасын түзету)» жоба-**

Учаскенің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер	Географиялық координаттар					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	24	55,62	76	29	41,34
2	49	24	54,14	76	29	36,13
3	49	24	56,37	76	29	26,05
4	49	25	03,44	76	29	11,28
5	49	25	19,97	76	28	56,63
6	49	25	38,11	76	29	27,16
7	49	25	23,09	76	29	54,07
8	49	25	06,46	76	29	55,25

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БИН 050140000656. Өкілі: Аманкелдина А.С., «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, бас маманы, тел. 8 (7212) 957401, э.л.мекен-жайы: Aitolyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БИН 060641009902. Өкілі: Сулейменова А.Б., байланыс телефон: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), э.л.мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары төмендегі сайтта орналастырылған: ecorportal.kz және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей ecorportal.kz сілтемесі бойынша, э.л. мекен-жайы expertiza.upr\_krg@mail.ru.


### Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс», сообщает, что **05 марта 2025 года в 12:00 ч.** планируется проведение общественных слушаний по рассмотрению **Раздела «Охрана окружающей среды» к проекту «План горных работ**

• ТҰСАУКЕСЕР

## Қазақ спортшылары туралы комикс

Журналист Аслан Қаженов пен ақын, жазушы, журналист Азамат Әбілқайыр балалар аудиториясына арналған бес кітаптан тұратын «Қазақ чемпиондары» комикс жанрындағы тұңғыш топтамалар шығарды. ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасында Туризм және спорт индустриясын қолдау қорының демеушілігімен жарық көрген туындының қатарында әлемге әйгілі боксшы, Ұлттық Олимпиада комитетінің президенті Геннадий Головкин де арналған кітап бар. Комиксте Париж Олимпиадасының жүлдегерлері де бейнеленген.



Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміздің Париж Олимпиадасы кезінде спортшыларға берген ақыл-кеңесі күні бүгінге дейін ел аузында. Әсіресе, Олимпиада алтынның алған Елдос Сметовке айтқан ақылы, күміс жүлдегер Нұрбек Оралбайға берген кеңесін ешкім естен шығарған жоқ. Жас толқынға үлгі етті. Осындай ел аузында жүрген немесе ел естімеген әңгімелерді кітап авторлары арқау еткен.

– Мақсатымыз – комикстер арқылы қазақ баласына ел намысын қорғап жүрген спортшылардың нағыз батыр екенін және сол батырлардың аразында екенін көрсету. Әр үлкен арман жолында қажырлы еңбек тұрғанын түсіндіру. Бұл комикстер балалар әдебиетінде өзіндік орнын табуына сенім артпамыз, – деді кітап авторлары.

Сонымен бірге, туындыларда дзюдошы Елдос Сметов, боксшы Нұрбек Оралбай мен Назым Қызыбай, балуан Демей Жадыраев, гимнаст Нариман Құрбанов, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев, мергендер Александра Ле мен Ислам Сәтбаевтың жеңіс жолы суреттелген. Спортшылардың балалық шағы, алғашқы додаларынан үлкен сайыстарға дейінгі кәсіби мансабы бала тілінде жазылған. Жазбалар шынайы оқиғаларға негізделген. Енді комикстер топтамасы спорт мектептеріне тегін таратылмақ.

Сурет авторлардың әлеуметтік желісінде парақшасынан

• КӨРМЕ

## Қыс келбетін бояулармен сөйлетіп...

Облыстық бейнелеу өнері музейінде «Натворим» зияткерлік даму орталығының «Жүрекпен – жүрекке» акциясы аясында «Қыс бұл тек ақ болып көрінбейді» есен беру көрмесі өтті. Жас суретшілер қыс мезгілін арқау етіп, қиялындағысын қағаз бетіне түсірген. Көрмеге 4-17 жас аралығындағы балалардың 400-ден астам туындысы қойылыпты.

Көрмеге туындылары қойылған жас суретшілердің бірі – Виолетта Липская. Оның туындылары өзгелерден ерек. Одан ойынның ұшқырлығын аңғаруға болады. Сурет үйірмесіне қатысқанына екі жылдан енді асса да, туындылары сөйлеп тұр.

– Менің киім дизайнері болғым келеді. Сурет салғанды жақсы көремін. Анам маған «Сурет үйірмесіне қатыс. Қолыңнан келеді» деп осында алып

• БАЙҚАУ

## Жас жігерді жаныған рух

Жас жыршылар Абылай ханның сенімді баһадүрлерінің бірі Шанышқалы Бердіқожаның рухын жаңғыртты. Қатысушылар ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Несіпбек Айтұлының «Бердіқожа батыр» поэмасын жатқа оқыды. Жыршылар сайысы облыстық деңгейде болғанымен, Жезқазған, Ақтөбе, Астана, Қызылордадан үміткерлер келген. Сайысты Айтұлы ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының облыстық филиалы және «Арқа» айтұлы ақындары мен жыршы-термешілер мектебі мен «Бердіқожа батыр» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыршылар сайысы үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Алғашқысы қазақтың соңғы ханы Кенесарының 220 жылдығында өткен. Үміткерлер Доскей Әлімбаев пен Нысанбай жыраудың Кенесары хан туралы дастандарын жатқа оқыған. Екіншісі халық ақыны Жәкен Байтуовтың «Бөрі батыр» дастаны жанданған. Биыл Бердіқожа батыр ұрпақтарының демеушілігімен Достық үйінде өтті. Қазылар алқасының құрамында болған талантты айтұскер ақын Дидар Қамиев жыршылар сайысына қатысушылардың саны жылдан жылға артып келе жатқанын мақтанышымен айтты.

– Бүгінгі технологиялар мен ақпарат заманында балалардың көлемді жырларды жаттауы қиында соғады. Жас ұрпақтың асыл мұраға деген қызығушылығы төмен деп қам жейтін едік. Бірақ, үш жыл қатарынан ұйымдастырылған сайыстарға қарап отырып, көңіліміз жұбанып отыр. Ғаламтордағы түрлі контенттерден, ойындардан бас тартып, жырға ден қойғандары қуантады. Сондай еңбектенген балаларды ынталандыру – маңызды мәселе. Осы тұста батырдың ұрпақтарына зор алғысымызды білдіреміз, – деді Дидар Қамиев.

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

## «Арқа әжелері» тағы да үздік

Қарқаралының «Арқа әжелері» ардагерлер ансамблі «КТК» телеарнасы апта сайын өткізіп келе жатқан «Кел, шырқайық!» бағдарламасының сейсенбі, 21 қаңтар күні өткен шығарылымына арнайы шақырумен барып қатысты және үздік өнерімен I орын алып, мерейі үстем болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған бағдарламаның өткен жылғы шығарылымында үздік шыққан ардагер ұстаз Бижамал Мырзаханқызы осы жолы Қосман Мерсәлімов (баянда ойнаушы), Жібек Ахмадиева, Нюра Омарова, Сақып Сағымбаева, Әлімаш Әлпейісова тәрізді замандастарына жолбасшы болды. Ардагер өнерпаздар халық әні «Айқарақозді» келістіре шырқап, басқа өңірлерден барған бәсекелестерінен озып шықты. Қарқаралы ауданы атынан барып,



Сайыстың шымылдығын облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов құттықтау сөзбен ашып берді.

– Ата-бабаларымыз жас ұрпақты осы батырлар жырымен тәрбиелеген. Батырлар жыры – баланың ер азамат, тұлға, батыр болып өсуіне зор ықпал ететіні белгілі. Сол себепті де, Айтұлы ақындары мен жыршы, термешілердің халықаралық одағының облыстық филиалы және «Арқа» айтұлы ақындары мен жыршы-термешілер мектебі мен «Бердіқожа батыр» қоғамдық қоры ұйымдастырып отырған сайыстың тәрбиелік мәні зор деп есептеймін. Ұлттық тәрбие мектебі одан әрі жандануына тілектеспін! – деді Нұрлан Бикенов.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Бердіқожа батыр туралы ғылыми еңбектердің авторы Берік Рахымов баяндама жасады. Ол батырдың қазақ тарихында алатын орны хақында айтты. Сонымен қатар, өзекті мәселені де көтерді.

– XVII ғасыр – батырлар ғасыры. Бұл

кезеңде «Қазақ халқы жер бетінде қалады, не жойылады» деген сұрақ тұрды. Цин мен Ресей империясының ортасында қалдық. Жоңғарларды қосыңыз бұл қатарға. Жағдай өте ауыр болған. Сол тағдырымыз жар шетіне таяған жылдарда бір өзі он жауынгерге татитын шері жүрек батырлар тарих алаңына шықты. Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Айдабол Олжабай, Жасыбай, Уақ, Баян және Шанышқалы Бердіқожа батырлар ұлттың аман қалуы жолында шешуші рөл атқарды десек, қателеспейміз. Бердіқожа батыр туралы бір ғана жыр сақталып қалған. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында жатыр. Жырда Қаздауысты Қазыбек би, Төле би, Әйтеке билер бар. Бердіқожа батырдың қоршауда қалған батырларды аман алып қалуы секілді түрлі ерліктері жырланады. Батырларды, олардың ел мұраты жолында жасаған ерліктерін дәріптеу арқылы жас ұрпақтың рухын көтеруге болады. Осы күнде неге сол баһадүрлердің есімдерін көшелерге бермесек? Осы мәселеге назар

аудару – маңызды, – деді Берік Рахымов.

Қатысушылар сахна мәдениетіне де баса мән беріпті. Мәселен, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің студенті Толғанай Мейіржан батырдың сауытына арнайы тапсырыс беріпті. Қайсы қылышы белінде. Ол Несіпбек Айтұлының «Бердіқожа батыр» поэмасын жаттап алған.

– Жаттап қабілетім жақсы. Поэмаларды бұған дейін де жаттағанмын. «Бердіқожа батыр» поэмасын 10 күнде жадыма тоқып алдым. Бір күнде бір тараудан еңсеріп отырдым. Бастысы – ниет, – деді Толғанай Мейіржан.

Жаттап айтқандардан бөлек, поэманы домбырамен мақамға салып жырлағандарға да жеке жүлде тағайындалды. Сайыста жалпы саны 26 жүлдегер болды. Екі аталымның бас жұлде игерлеріне 500 мыңнан берілді. Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы да бірнеше жүлде тағайындады.

Суреттер автордан

• ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

## Ауқымы кең ашық турнир

Осакаров ауданына қарасты Молодежный кентінің спорт кешенінде Кеңестер Одағы әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай, жасөспірімдер арасында грек-рим күресінен аудандық ашық турнир өтті.

Өтініш берушілерге шек қойылмағандықтан, бәсекеге Осакаров кентінен, Астана мен Қарағанды қалаларынан, Ақмола облысының Аршалы, Павлодар облысының Баянауыл аудандарынан дәмелі балуандар, барлығы 86 жас спортшы қатысты, бұл іс жүзінде республикалық деңгейдегі турнирге айналды.

Балуандар жас ерекшеліктеріне қарай екі топқа: 2014-2015 жылдары туғандар және 2011-2013 жылдары дүниеге келгендер болып бөлінді. Қарым мол 10-11 жастағы балалар 23, 26, 29, 32, 35, 38, 44, 50 килограмдық, 12-14 жастағы жеткіншектер 38, 48, 70 килограмға дейінгі және одан жоғары салмақ дәрежесінде күресті.

Жарыс кестесінен байқағанымыздай, Молодежный кентінде грек-рим күресі жақсы жолға қойылып келеді екен. Мысалы, 23 килограмдық салмақ дәрежесіндегі белдесуде тек осы кенттің балалары жеңімпаз хәм жүлдегерлер атанды. Атап айтқанда, I орын Медият Түлкібаева, II орын Руслан Көкеновке, III орын Дамир Баратов пен Бекарыс Сансызбайға бұйырды. 38 килограмға дейінгілер арасында жүлделі III орынды молодежнийлық Айдар Мүрсәлімов пен Диар Дәнкеев бөлісті. 70 килограмға дейінгілер және одан жоғарғылар арасында бірінші орынды тағы да Молодежный кентінің өкілі Матвей Майоров иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге лайықты сый-сияпат көрсетілді.

Осакаров аудандық спорт бөлімінің басшысы Бауыржан Дулатов аудандық бәсекенің табын астынан республикалық деңгейдегі жарысқа айналғанын айтады.

Өз тілшімізден



өнер додасына қатысқан ардагер әжелер шырқаған ән қазылар тарапынан жоғары бағаланғанына жерлестері дән риза.

Атап өтетін жағдай, әуесқой әншілер

мен өнер ұйымдары арасында ұйымдастырылатын бағдарлама халқымыздың ұлттық дәстүрін насихаттауға, көне әндерді жаңғыртуға бағытталған.

• КӨРМЕ

## Қыс келбетін бояулармен сөйлетіп...

Облыстық бейнелеу өнері музейінде «Натворим» зияткерлік даму орталығының «Жүрекпен – жүрекке» акциясы аясында «Қыс бұл тек ақ болып көрінбейді» есен беру көрмесі өтті. Жас суретшілер қыс мезгілін арқау етіп, қиялындағысын қағаз бетіне түсірген. Көрмеге 4-17 жас аралығындағы балалардың 400-ден астам туындысы қойылыпты.

Көрмеге туындылары қойылған жас суретшілердің бірі – Виолетта Липская. Оның туындылары өзгелерден ерек. Одан ойынның ұшқырлығын аңғаруға болады. Сурет үйірмесіне қатысқанына екі жылдан енді асса да, туындылары сөйлеп тұр.

– Менің киім дизайнері болғым келеді. Сурет салғанды жақсы көремін. Анам маған «Сурет үйірмесіне қатыс. Қолыңнан келеді» деп осында алып

келді. Қазір түрлі тақырыпта сурет сала аламын. Сонымен қатар, фортепиано мен би үйірмесіне де барып жүрмін. Өзімнің де музыка аспаптарына жаным құмар. Әсіресе, фортепианоға, – деді жас суретші.

Виолеттаны қолдау үшін көрмеге белгілі суретші Владимир Троценко да арнайы келіпті. Суретші Виолеттаға жылы лебізін білдіріп, естелікке сый табыстады.

Акерке БОЛАТ,  
Е.Бөкетов атындағы  
Қарағанды зерттеу университетінің  
IV курс студенті

Суретті түсірген автор



**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryaqsha Aqparaq» ЖШС

Директор  
**Қайрат Жүнісулы ӘБІЛДА**

Директордың орынбасары  
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Директордың орынбасары  
**Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шег, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☒

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 638  
№9 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Аяулым СОВЕТ